

П И О Н Е Р



Июль

1954 ЖЫЛ
Алматы

№ 7

ӨЗГЕГЕ, КӨНЛІМ, ТОЯРСЫҢ

Сөзі АБАЙДІКІ

Музыкасы А. ЕСПАЕВТІКІ

Баяу
mf

Өз-ге-ге көң-лім то-яр-сың,
ө-лең-ді қай-тіп
қо-яр-сың о-н(ы) айт-қан-
да то-ла-нып іш-те-гі
дәрт-ті жо-яр-сың
сөз қал-сын

Өзгеге, көңлім тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?!
Оны айтқанда толғанып.
Іштегі дертті жоярсың!

Мендей ғаріп кез болса,
Мойын салсын, ойлансын,
Қабыл көрсе сөзімді,
Кім таныса, сол алсын!

Әуелесін, қалқысын,
От жалын боп шалқысын.
Жылай-жырлай өлгенде,
Арттағыға сөз қалсын!



ПИОНЕР

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 7

ИЮЛЬ

1954 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 16 жыл.



Қазақ халқының мақтанышы

(Қайтыс болғанына 50 жыл толуына)

Сәбит Мұқанов.

Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және оның бірінші классигі Абай Құнанбаев 1845 жылы көшпелі ауылда туды. Ол кезде қазақта ұлттық мектеп те, ұлттық баспасөз де жоқ болатын. Ауыл халқының жүзден тоқсан сегізі сауатсыз еді. Екі проценттей сауаттылардың да көпшілігі мұсылманша — арап, фарсы немесе татарша, — қазаққа түсініксіз тілде оқыды, өте азшылығы ғана орысша хат білді.

Қазақ елінің осынша мәдениеттен артта жүрген шағында, қараңғы түнді жарып жұлдыздай боп Абайдың жарқырап көрінуі, өзіне дейін жазба әдебиеті жоқ елге, сондай әдебиеттің негізін қалап, оның идеялық және көркемдік дәрежесін, дүниежүзілік әдебиеттің алдыңғы қатарынан орын алған орыс әдебиетінің дәрежесіне көтеруі қайран қаларлық іс. Бірақ, бұған сырттай қарағанда ғана қайран қалуға болады, ішкі сырына

үңілгенде, одан табиғи заңдылық табылады.

Абай — феодалдық семьяда туған адам. Оның әкесі Құнанбайдың орасан байлығын және мейірімсіз қаталдығын оқушы көпшілік Мұқтар Әуезовтың «Абай» атты романынан жақсы біледі. Қанаушы таптың еңбекші көпшілікті құлдануда, материалдық құралмен қатар, рухани жақтан қанауға қолданатын екі құралы бар: бірі — үкімет, бірі — дін. Құнанбай осы екі құралды да қолына қабат ұстаған. Ол ауылда патша үкіметінің тірегі боп, сұлтан — правителдік қызмет атқарады, сонымен қатар, қолына молда ұстап, ислам дінін таратудың қатты шараларын жүргізеді.

Ол балаларын да өз жолына салуға тырысқан. Үш әйелінен туған алты ұлының ішінен Абайдың өте зирек туғанын көрген ол дін уын денесіне жасынан сіңірмек боп, он жасында, Семей қаласындағы татардың молдасы Ахмет Ризаның медресіне сабаққа береді. Абай одан төрт жыл оқып, арап және фарсы тілін жақсы біліп шығады. Осыған қарағанда, Абай болашақ жазушылық қызметінде ислам дінінің үгітшісі болуы керек сыяқты еді, бірақ, дінге өзі сене тұра, Абай шығармаларында, дінді үгіттеу сарыны жоқ, оның шығармаларының ба-сыңқы көпшілігі өмір шындығына, өмір тілегіне арналады.

Бұлай болудың себебі неліктен? — деген сұраудың жауабы қазір айқын: Абайды өмір шындығына жетектеп, одан сабақ алуға, алған сабағын көркем шығармаға айналдыруға үйреткен, тек, орыс білімі ғана.

Биографтарының айтуынша, Абай еш уақытта орыс мектебіне түсіп оқымаған, Семейде, Ризаның медресінде оқып жүрген кезінде, төрт айдай орыс мұғалімін жалдап жеке оқыған. Бұл — әрине, өте аз оқу. Ал, Абайдың кейін орыс классиктерінен үлгі алуына қарағанда, орыс классиктері: Крылов, Пушкин, Лермонтов шығармаларын, көркемдігін сақтай дәл аударуына қарағанда, ол орыс тілін өте жақсы білген. Мұндай дәрежеге Абай өз бетімен оқу арқылы ғана жетеді.

Бір өлеңінде Абай «ерте ояндым» дейді. Сөйте тұра, көркем шығарма жазуға ол қырық жасқа жақындай кіріседі. Мұнысы да заңды сыяқты. Адам табиғатында қаншама дарынды боп туғанмен, үлгі алар ортасы болмаса, ойдағыдай өсе алмайды. Оған Белинскийдің Пушкин туралы айтқаны куә. Белинский Пушкинді Волгаға, одан ілгері

жасаған орыс ақындарын Волгаға құятын өзге өзендерге теңеп, Пушкиннің тууына өзге орыс ақындарының себеп болғанын айтады.

Қазақта Абайға дейін жазба әдебиет болған жоқ, сондықтан, Абайды туғызатын, қазақтың Державин, Жуковский, Грибоедов сыяқты ақындары болған жоқ. Қазақта ол кезде бары — бай ауыз әдебиеті ғана. Абай одан да азықтанады, бірақ, мәдениетті жазба әдебиеттің дәрежесін тыңнан көтеруге ауыз әдебиеті — жеткіліксіз саты. Орыс әдебиетінің дәмін тата бастаған соң-ақ, бұл халды Абай жақсы түсініп, жазу жұмысына кірісерден бұрын, оның идеясы мен көркемдігін терең ұғуды өзіне міндет қып қойған сыяқты. Мұны біз Абайдың барлық шығармаларынан да көреміз. Ол — қатардағы ақындардың бірі емес, тұрақталған эстетикалық көзқарасы бар, алдағы қатардан орын алатын ақынның бірі.

Эстетикалық көз қарасында Абай Белинскийге өте ұқсайды. Белинскийдей, Абай да, әрбір көркем шығарманың негізінде конкретті идея жатуды, ол идеяның ашық болуын, әр шығармада түр мен мазмұн сәйкес келуін, жетекші түр емес, мазмұн болуын ақын-жазушының силлогизммен емес, образбен ойлауын, тілдің таза, көркем және халыққа түсінікті болуын тілейді, осы тілектерді өз шығармаларында түгелімен іске асырады.

Идеялық жағынан алғанда, Абай шығармалары түгелімен, Абай жасаған кездегі қазақ өміріне тығыз байланысты, олар — сол кездегі қазақ өмірінің жақсы және жаман жақтарының бейнесін айқын түсіретін кіршіксіз айнасы. Бірақ, Абай шығармалары жансыз айна емес, жанды айна. Олар кездескеннің бәрін түсіре бермейді, іріктеп, көрсетуге қажеттілерін ғана түсіреді.

Өмірдің не бейнесін шығармаларына түсіруге құмартқанын және ол ойын қалай іске асырғанын айтардан бұрын, бізге Абайдың өз ой-пікірі каншалық өрістеп, қайда жеткенін біліп алу қажет.

Абай — өткен ғасырдың 40—60 жылдарында орыстың қоғамдық пікірін алға бастаған орыс демократтарымен пікірлес кісі. Қазақ елінде де қанаушы және қаналушы екі тап барын ол жақсы көреді, қанаушының қаналушыны мейірімсіз талап отырғанын түсінеді. Ол кездегі ел басқарушылардың (үкімет қызметіндегілердің, билер мен пысықтардың) момын көпшілікті қанаушы



тапқа қосыла талайтынын жақсы ұғады. Бұның бәрін Абай көріп, ұғып қана қоймайды, қаналушыға жаны ашып, қанаушыға қарсы болады.

Ой өрісі жағынан, Абай революциялық идеяға жеткен кісі емес. Ол — тек ағартушылық идеяға ғана жеткен адам. Оның ойынша қоғам өміріндегі теңсіздікті жою үшін, түгелімен халықтың сана-сезімін ояту керек, ол үшін халықты жапатармағай оқыту керек. Бірақ, қайда және қалай?

Ол кезде қазақта ұлттық мектеп жоғы жоғарыда айтылды. Мұсылманша оқытатын медреседе, тіршілікке пайдалы ешнәрсе жоғын Абайдың өзі іс жүзінде көрді. Тіршілікке пайдалы оқу орыста, ендеше, қазақ балаларын орыс мектебіне беру керек. Осы идея Абай шығармаларының (өлеңдерінің және ғақлия сөздерінің) өн-бойына түгел тарап отырады.

Тек, оқумен ғана қоғам өміріндегі әділетсіздік жойылмайтынын, реалист Абай жақсы түсінеді де, қазақ өмірінде залалды немесе жетімсіз деп ұққандарын, қатты сынап күзетпек болады. Бұл жөнінде ол кейбір өнегелік пікір айтып, ақыл беріп түзетуге тырысуымен қатар, өткір сықақ пен мысқыл әдісін де қолданады. Биографтары Абайды Салтыков-Щедринді де көп оқығанын еді десеңді. Оның растығы Абайдың мысқыл мен сықақ өлеңдерінен көрінеді. Салтыковтың әдісімен Абай кемшіліктерді, оны болдырушыларды өлтіре мысқылдап, сықақтайды.

Абайдың ойынша, қоғам өміріндегі жетімсіздіктің тетігі еңбексіздікте — «тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын». Азбау үшін еңбек істеу керек. «Еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей».

Соңғы сөздері ол заманның шындығына жатпайтынын реалист Абай тағы да жақсы көреді. Қазақ ауылының күзгі бейнесіне арнаған бір өлеңінде ол қанша еңбек атқарғанымен, жалшының күні қаран екенін, байдың оны мейірімсіз талап отырғанын айқын көріп, шын өмірдің бейнесін ызалы түрде ғажап бояулармен дәл көрсетіп береді. Бірақ, «енді

не істеу керек?» деген сұрауға жауап таба алмай, «байда мейір, жалшы да бейіл де жоқ, екеуін андыстырған құдайым-ай!» деп кеңді. Абай идеясының жеткен жері осы ғана.

Ағартушылық және демократтық идеяны жырлауда, Абай жалаң үгітші емес, ол — биік дәрежелі көркем ойдың иесі. Бұл ойын жарыққа шығаруда негізгі құралы — сөз екенін ол жақсы біледі, сондықтан ол қазақ тілін «бөтен сөздерден» тазалауға кіріседі.

Қазақ тіліне «бөтен сөздер» ислам діні арқылы кірді. Дін кітаптары арап, фарсы немесе солармен шұбарланған татар тілімен жазылатынды. Қазақтың қалың көпшілігіне ол кітаптар түсініксіз. Дін сабағы мен көзін ашқан кейбір қазақ ақындары шығармаларына кітап тілін араластырып, халық түсінбейтін дәрежеге жеткізді. Қазақ тілін бұлай бұзушылыққа қарсы Абай мейірімсіз күрес ашып, өзі барлық шығармасын да қазақ халқының таза тілімен жазды. Ендеше, Абай, қазақтың жазба әдебиетінің ғана негізін қалаушы емес, ол қазақтың әдебиеттік тілінің де негізін қалаушы.

Таза тілмен жазу, көркем жазу емес. Таза қазақ тілінде жазылған талай мақалаларды, кітаптарды немесе кейбір өлеңдерді, прозалық, драмалық шығармаларды біз көркем шығарма қатарына қоса алмаймыз. Шығарманың көркемдігі сөзінде ғана емес, сол сөздің көркем ойға айна болуында.



Абайдың Семей қаласындағы музейі.

Абай — ірі көркем ойдың иесі. Өмір бейнесін ол көркем ойдың ғажап сұлу бояулары арқылы аса жарқын, қызғылықты етіп сыйпаттайды. Табиғат көрінісін, адам өмірін сыйпаттағанда ол дағдылы адамның емес, тек ірі суретшінің ғана көзі шалатын нәзік жақтарды тауып, сыйпаттаған объектісінің іші-сыртын мейлінше дәл көрсетеді.

Абай — өлеңдік көркем сөздің шебері. Оның прозасы көркем шығарма емес, тек, ақыл айту төңірегінде жазылған қарасөздер. Өлең құрылысын алғанда, Абай қазақ поэзиясында күні бүгінге дейін төбесінен асырмайтын биік. Абайға дейін қазақ поэзиясын он бір буынды «қара өлең» мен жеті буынды «жыр түрі» ғана болды. Орыстың биік поэзиясы тапқан шеберліктерден үйрене отыра, Абай қазақтың өлең техникасына тыңнан он алты түр қосты. Сондай жаңалықтарды жасай отыра, Абай қазақ поэзиясына тән силлабикалық заңды бұзбай толық сақтады.

Тыңнан тапқан өлең түрлері қазақ халқына тез тарау үшін Абай жана өлшеулі, жаңа ырғақты, жаңа үйлесті өлеңдеріне арнаулы әндер шығарды. Бұл мәселеде ол композиторлық таланты да барын көрсетті. Абай 1904 жылы өлді. Өзі өлгенге дейін, оның жалғыз ғана өлеңі жарық көрді де, өзгелері ешқайда басылмай, қолдан қолға

қолжазба күйінде көшіріліп тарап жүрді, ауыздан ауызға тарады. Соңғы түрде тарауына бас себептің бірі — Абайдың әндері.

Абай шығармаларының асса Совет Одағына, қалса, Қазақстанға кең тарауы тек советтік дәуірде ғана. Советтік дәуірде Абай шығармалары мыңдаған тираж бен әлденеше рет басылды. Орыс тіліне аударылу арқылы, Абайды бүкіл Советтік Отан және дүние жүзі білді. Абайдың туу және қайтыс болу күндеріне байланысты, советтік дәуірде әлденеше рет юбилей өткізілді. Советтік дәуірде ғана Абай шығармалары терең зерттеліп, тиісті бағасын алды. Абай туралы көркем шығармалар жазылды. Искусствоның бар жүйесінде Абайдың образын, мәңгі сақтайтын ескерткіштер жасалды. Абай атына мектептер, колхоздар, театрлар қойылды. Сөйтіп, тек, советтік дәуірде ғана Абай зор құрмет көрді.

Халық-та, оның үкіметі де, мұндай құрметті тек адал ұлына ғана жасайды. Абай халықтың адал ұлы, өйткені ол ой өрісі жеткенше халықтың мұң-мұқтажын айтып, халықты азаптан бақыт жолына шығаруға тырысты. Қанаушы тап үстемдік құрып тұрған кез болғандықтан Абай ол арманына жете алған жоқ.

Абай жете алмаған арманына, қазақ халқын Коммунист партиясы жеткізді.

М. ХАКІМЖАНОВА.

АБАЙҒА

Тереңнен сөз асылын сүзіп берген,
Қыялдың қыясына жүзіп көрген.
Ойынан ойып алып, өрнек салып.
Ұрпаққа, сөз маржанын тізіп берген.
Асқақтап ән шырқадың, төгіп жырды,
Ұмтылдың оятам деп ой мен қырды.
Дүниеге сенде кірпіш, бар қалан — деп,
Тербеттің мағаналы сөзбен сырлы.


Қараңғы ел ұғына алмай қалды ғапыл,
Коймады еркіне де, жеңді ақыл.
«Жоқ деген игіліктің ерте-кеші»,
Жатталып өлмес сөзің болды нақыл.
Бөгедік бүгін гүлге күмбезінді,
Атаймыз мақтанышпен күнде өзінді.
Қазақтың тұңғышы сен ерте оянған,
Пушкинмен ұштастырған ой-сезімді.

X ҰСТАЗЫМА

«Ғылым таппай мақтанба» деп үйретіп,
Тұтатқаның сезімімнің оттарын.
Жүрегімді шабытыңа билетіп,
«Қыс» пен «Күзін» болған менің тақпағым.

Өтті жылдар... сол оқушың ер жетті
Ойларыңды өзіңе ұқсап ұғына.
Жыр іздеймін осы өмірге керекті,
Сенен қалған қаламды ұстап қолыма.

ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ.



Орыс әдебиетінің Абайға әсері

Абайдың өмір сүрген дәуірі — орыс халқы мен қазақ халқының арасындағы тарихи достықтың қалыптасып нығая бастаған кезі еді. Патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарамастан демократиялық бағыттағы орыс мәдениетінің әсері қазақ арасына кең жайылды. Қазақтың алдыңғы қатарлы адамдары орыс мәдениеті мен әдебиетіне еркінрек бой ұрды. Олар қазақ қоғамының дамуындағы бірден-бір дұрыс жол — орыспен жақындасу, орыс мәдениетін үйрену, орыс ғылымын меңгеру екеніне түсіне бастады. Міне, осындай, орыс мәдениетін қазақ елі ішінде кең насихаттаушының бірі — ұлы демократ ақын Абай болды.

«Орысша оқу керек,—деп жазды Абай өзінің жыйырма бесінші қара сөзінде,—хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға, тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі: олар дүниенің тілін білді».

Абай XIX ғасырдағы орыстың классикалық әдебиетін көп оқып, өзінің ақындық жолында содан көп нәр алды. Орыстың революцияшыл-демократтық бағыттағы әдебиетінің әсері оның шығармаларынан айқын сезіліп тұрады. Ұлы ақын Пушкиннің бостандықты аңсаған өлеңдерін, Лермонтовтың

өзі өмір сүрген қоғамға наразылық көрсеткен, ыза мен ашуға булыққан жырларын, дворяндар қауымын күлкі еткен Крыловтың мысалдарын аударды. Батыс Еуропа әдебиетінің классик ақындары Гете мен Байрон шығармаларымен қазақ халқы ең алғаш рет Абай аудармалары арқылы танысты.

Абай — артта қалған қазақ қоғамының қатал сыншысы. Орыстың прогресшілдік әдебиетін көп оқып, үйренген ақын соның тікелей ықпалымен сыншыл реализмге келді. Өзінің шығармаларында өмірдің шын көріністерін нақты бейнелей бастады. Ол қазақтың артта қалған патриархалды тұрмысын, ел ішіндегі әкімдердің зұлымдық істерін, білімсіз қауымның надандықпен істейтін мешуе қылықтарын, еңбексіздікті аяусыз сынға алып отырды. Ақын Крыловтың «Шегіртке мен құмырысқа» атты мысалын аударып, талапсыздарға, еңбек сүймейтін жалқауларға қарсы жұмсады. «Қарға мен түлкі», «Бақа мен өгіз» атты мысалдарда атқа мінер болыс-билердің қулық-сұмдықтары, күншілдік, өсекшілдік аяусыз сыналды. Абай Крылов мысалдарын қазақ жағдайына бейімдей аударып, оны қазақ ішіндегі теріс қылық, оғаш мінездерді сынауға пайдаланды. Біртіндеп мұндай сықақ, кекесінді тіл өткірлігі аудармадан Абайдың

өз шығармаларына ауып кең тамыр жая түседі. Би-болыстарды сынауда Абайға Салтыков-Щедрин сатирасының көмегі орасан көп болды.

Абай үстем тап өкілдерін сынайтын өлеңдерінде жан-жақты қанаудың астында күн кешкен қазақ кедейінің ой-арманына ортақтаса білді. Ақын солардың көңіл күйін жырлады. Таптық жікті анық көрді. «Қараша, жел тоқсанмен сол бір екі ай» деген өлеңінде бай мен кедей үйінің тұрмысын, әл-жайын қарама-қарсы қоя суреттейді. Шаруалар қозғалысы тақырыбына жазылған Лермонтовтың «Вадим» атты ұзақ әңгімесін өлеңмен аударады.

Өнер, ғылым үйрену керек. Абай тезісі — осы. Кімнен үйрену керек? Бұл жағына келгенде ол тағы да орыс халқына қарайды. «Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі».

Өнер үйренудегі, ғылымды меңгерудегі мақсат не? Абай осы сұрақтарға да дұрыс жауап береді. Оқудағы мақсат — шен алып, шекпен кию емес екендігін ескерте келіп, ол: «Осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, ондай ниет керек емес» деп жазады. Абайдың ойынша, оқудағы, өнер табудағы мақсат — халыққа қызмет ету, білгенін ел мүддесіне жұмсау. Ақын ел үшін еңбектенуді Толстой мен Салтыков сыяқты ұлы орыс адамдарынан үйренуге нұсқайды.

Абай ел ішіндегі дау-шарды, алауыздықты, оның басты айыпкерлері — болыс-билерді сынап қана қойған жоқ, орыс гуманизмінен нәрленген ақын халқын, бірлікке, ынтымаққа шақырды. Жалпы адамгершілік, адамға адамның достығы жайлы Абай ойлары Толстой пікірімен ұштасып жатады. Ақын өз өлеңдерінде адамның бірін бірі сүйе білуін, дос болуын аңсады.

Абайдың достық, махаббат туралы ойлары Пушкин шығармаларын аудару үстінде шындала түсті. Ол «Евгений Онегиннен» үзінділер аударды. Бірақ бұл аудармалар бас-аяғы жоқ үздік-үздік хаттар емес, желілі, тіпті поэмалық сюжеті бар, хат арқылы берілген поэма деп атарлық шығармалар. Ақын әуелі «Онегиннің сыпатын» береді. Одан кейін «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі» болып жалғасып келеді де, «Онегиннің өлердегі сөзімен» аяқталады.

Бұл аудармалар арқылы Абай Пушкин Татьянасын қазақ даласына алып келіп, оны мұндас қазақ қызымен таныстырды. Қазақ қоғамындағы әйелді кем тұтушылыққа қарсы соққы берді.

Абайдың искусство, эстетика жөніндегі көп пікірлері Белинский ойларымен үйлес келеді. Ақынның міндетін Абай — халық қызметшісі болу деп бағалайды. «Өлең сөздің патшасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты өлеңдерінде ол искусствоның элеуметтік мәніне зор баға береді. Сөз қадырын кетіріп, өлеңді мал табу жолына жұмсайтын ақындар мен әншілерді өткір сынайды. «Құлақтан кіріп бойды аларлық тәтті ән мен тәтті күйді» ерекше сүйеді.

Абай — қазақ әдебиеті тарихында бірінші рет табиғат лирикасын жасады. Оның табиғат жайындағы өлеңдері тек жыл мезгілдерін суреттеумен шектелмейді, онда халық тұрмысынан суреттер беріледі. Бұл жолда да Абайдың орыс әдебиетінен үйренгені даусыз. Әсіресе Лермонтовтың «Теректің сыйы» деген өлеңін аударуы — Абайдың бұл саладағы елеулі табысы. Ақынның «Қыс» деген өлеңінен Некрасовтың «Аяз атасының» әсері байқалады. Оның үстіне Абайға «Евгений Онегиндегі» жыл мезгілдері суреттері көп әсер қалдырғанға ұқсайды.

Осындай үздіксіз ізденулер, орыс әдебиетін жалықпай оқу Абайдың табанын сыншыл реализмге берік тіреді. Ақын өз шығармаларына өзі жасаған заманның шындығын арқау етті. Әрине, ол болыс-билерді әшкерелейтін сатиралық өлеңдер жазғанда, кедейлердің мүддесін қорғағанда, үстем тап өкілдеріне, патша өкіметі чиновниктеріне жеккөрінішті болатынын жақсы білді. Бірақ бұл қорқыныш ұлы ақынды әділет жолынан тайдыра алмады.

Ызалы жүрек, долы қол,
Улы сыя, ащы тіл
Не жазып кетсе, жайы сол
Жек көрсеңдер, өзің біл,

— деген сөздің өзі — реалист ақынның шындықты айтпай тұра алмадым дегені еді.

Абай өз заманының қыйындық-ауыртпалықтарын көп көргенмен, өмірден түңілген жоқ. «Жамандықты кім көрмейді. Үміт үзбек — қайратсыздық... Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?» деп жазды ол. Бұл — нағыз халықтық оптимизм еді.

Алуан түрлі орыс поэзиясының сырына қанып, нәрленген ақын қазақтың бұрыннан

келе жатқан өлендік құрылысына көп жаңалық енгізді. Ол орыс әдебиетінің неше түрлі өрнектерін қазақ поэзиясында батыл қолданды, тың ұйқастар тапты.

Қазақтың әдеби тілін дамытуда, тіл ұстартуда да Абайдың сіңірген еңбегі орасан зор. Ол шын мәніндегі жазба әдебиеттің негізін салды. Қазақ тілінің сөздік қорын жаңаша тіркестер мен орыс сөздерін қолдану арқылы байыта түсті.

Сайып келгенде, Абайдың дүниеге көзқарасы орыс әдебиетінің тікелей әсерімен қалыптасты. Өмірден үйренгені көп ақын ол білгенін оқығанымен ұштастыра отырып, осындай дәрежеге көтеріле білді. Өз халқын ілгері сүйреп, оның келешегін ұлы орыс халқы тағдырымен байланыстыруға бастады.

С. Қыйрабаев.

Жастардың ақылшысы

Абай өлендерінің ішінде балаларға тікелей арналып жазылғандары тым сирек. Бірақ, оның басқа тақырыпқа жазылған шығармаларынан да сол ескі ауылдағы қазақ балаларының өмірін, тұрмысын айқын аңдата-тын көптеген тамаша суреттерді көреміз. «Күз», «Қараша, желтоқсанмен — сол бір екі ай» сыяқты атақты өлендерінде ақын сол кездегі қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздіктер мен таптық қайшылықтарды мейлінше шынайы суреттеді. Байлардың қараулығы мен сараңдығын, қатыгездігін және олардың кедейлерді аяусыз қанайтындығын өткір сынай келіп, Абай осы өлендерінде бай баласы мен жарлы баласының да өмірін, әрекетін шебер бейнелейді:

Қар жауса да тоңбайды бай баласы —
Үй жылы, киіз тұтқан айналасы.
Бай ұлына жалшы ұлы жалынышты,
Ағып жүріп ойнатар көздің жасы.

Осы бір шумақ қана өленде тұтас бір дәуірдің, әделетсіз қоғамның шындығы бар. Бай баласы қар жауса да тоңбайды, үсікке шалынбайды. Өйткені оның үйі жылы, киімі де жайлы. Ал жалшы ұлының көрген күні мүлдем басқаша. Ол — байдың баласына жалынышты, оны ойнатып, көңілін аулаушы. Бірақ ол мұны амалсыздан, көзінен жасы ағып жүріп жасайды. Бұлай етпеске оның лажы да жоқ. Оны осыған дәлгір еткен — тіршілік, күнкөрістің қамы. Бұл өлеңнен басқа да бір жайды аңғартуға болады. Еш нәрсеге мұқтаждықсыз, қамсыз өмір бай баласын жалқау, тоғышар, арамтамақ еткен. Ал, кедей баласының өмірге араласуға, әрекет жасауға аздап болса да икемі бар. Сондай-ақ бұл өлендерінде ақын байдың жарлыны сүліктей сорып қанайтынын, жарлы азапқа толы қайыршылық өмір кешетінін ашықтан-ашық, батыл айтумен бірге үлкен-

дер арасындағы осы теңсіздік, біреуді-біреу қанап, езушілік балалардың да өмірінде бар екендігін көрсетеді. Және ақынының жылы ықласы мен аяушылық сезімі жарлылардың жағында.

Жоқшылық өмір, мұқтаждық ересек адамды ғана емес, баланы да бұзатынын, аздыратынын Абай жақсы түсінді. «Жаз» деген өлеңінде көгорай шалғынды жайлауға көшіп қонған ауылдың көрінісін, табиғат суретін, адамдардың тіршілік әрекетін жырлай келіп Абай мынадай бір жайды аңғартады:

Жалшы алдаған жас бала
Жағалайды шешесін:
«Ет әпер» деп қыңқылдап.

Міне, ересек адамның жас балаға берген өнегесінің түрі осы. Ол жас баланы өнер-білімге емес, емінуге, көз сатып телміруге үйретеді. Бұл жәйт — сол дәуірдің шындығы ғана емес, ең бір жексұрын кеселі де еді. Заманның осындай кертартпалығын, яғни ол үлкендерді ғана емес жас балаларды да аздыратынын, бұзатынын өз көзімен көрген және соған жаны қатты ауырған ақын ондай жексұрындық атаулының барлығына қарсы аяусыз күресті, өзінің ызалы сөзімен түйреді. Өз тұтастарының қулық-сұмдығын, екіжүзділігін, алдамшылығын өткір шенегенмен, Абай өмірден торыққан жоқ. Ол болашаққа сенді, өз үмітін жастарға, келер ұрпаққа артты. Жастарды білімге шақыру, өнерге үндеу арқылы тәрбиелемек болды.

Абай творчествосындағы негізгі, басты тақырыптардың бірі — өнер-білімге, оқуға шақыру болуының бір себебі де осында еді. Ол кейін жасының ұлғайып кеткендігіне қарамастан оқуға беріледі. Семей қаласына талай рет барып, айлап жатып оқыйды. Орыс достарының кеңесі әрі көмегі арқылы Абай

орыс халқының ұлы ақын, жазушылары мен атақты ойшылдарының еңбектерімен танысады. Өзі ғана оқып қоймайды, басқалардың, әсіресе жастардың оқып, білім алуына да көп назар аударады. Ол өзінің Абдрахман, Мағауия, Күлбадан деген балаларын және кейбір кедейлердің балаларын орысша оқуға береді.

Орысша оқып білім ала бастаған жастарды Абай жаңа адамдар, халықтың болашақ қамқоршылары деп санады. Өзінің жастай өлген баласы Абдрахманға арнаған бір өлеңінде ақын: «Жаңа жылдың басы ол» деп жазады. Бұл өлеңінде Абай Абдрахман өліміне өз баласының қазасы ретінде қайғырып қана қоймайды, сонымен бірге орысша оқып, көп білім алған баласы халық алдындағы өзінің парызын өтей алмағанына, өз білімінің жемісін елге тарата алмағанына да үлкен өкініш білдіреді.

Ел өміріндегі жаңалықты, прогрестік құбылыстарды қара да, оған қуана да білген ақын орыс мектептерінде қазақ балаларының оқый бастағанына мейлінше сүйсінді, олардан үлкен үміт күтті.

Жастардың осылайша оқуға, білімге ұмтылуына, олардың білімге құмарлығына шын жүректен қуанумен бірге Абай басқа да бір жайдан, яғни алған білімді халық игілігіне жұмсамай, ел мүддесін шен-шекпенге сатып кетуден қатты сақтандырады. Окалы киім кию үшін әскери қызмет іздеп, көкірек керме, оязға қызмет етпе, онда жанбай жаттып сөнесін, — дейді ол.

Кейбіреулер баласын білім алу үшін емес, заң білетін, арыз жаза алатын, пәле құған сұм болуы үшін оқытатынын Абай қатты мысқылдайды:

Ойында жоқ бірінің
Салтыков пен Толстой .
«Я тілмаш, я адвокат
Болсам» деген бәрінде ой.


Сөйтіп, Абай білім аңсаған талаптыларға орыс халқының ұлттық мақтанышы болған кеменгер ұлдары Салтыков-Щедрин мен Лев Толстойды үлгі етеді, солардай болуға үндейді. Мұнда үлкен озық идея бар. Абай білімді жастар бойларында-

ғы сол өнерін халық игілігіне жұмсауын, халық мүддесі үшін қызмет етуін, әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы болуын талап етті. «Әкесінің баласы—адамның дұшпаны, адамның баласы — бауырың», — деп жазды ол. Осы пікірін Абай өз өмірінің де биік нысаны етіп ұстады. Өзінің творчествосымен де, іс-әрекетімен де Абай әкенің ұлы емес, халықтың ұлы болды, яғни ол үлкен жүрегі мен ойлы жырын да, қайрат-жігерін де өз халқына қызмет етуге арнады.

Патриот ақын Абай өзінің туған халқының прогресс жолымен алға баруын, орыс халқымен достықта болуын мәдениетті елге айналуын тіледі, соны көкседі. Кеменгер ақынның бұл қасиетті арманы тек біздің советтік дәуірімізде ғана шындап жүзеге асты. Қазақ халқы қазір шын мәнісіндегі мәдениетті, бақытты елге айналды.

Абайдың басқа да көптеген шығармалары сыяқты, оның жастарды оқуға, өнер-білімге шақырған өлеңдері де өздерінің тәрбиелік маңызы мен құндылығын әлі де болса жоғалтқан жоқ. Ұлы ақынның бұл өлеңдері мен тағлым сөздері оның қазіргі ұрпақтарын да білім биігіне шығуға, халық мүддесіне қызмет етуге үндейді, еңбек сүйгіштікке, достыққа шақырады.

Айқын Нұрқатов.



Семейдегі Абай оқыған медресе.

Абай туған жерде

ОЧЕРК

Осы бір ақ үйдің есігі тынымсыз ашылып жабылады. Ақ фартук киіп, қызыл галстук таққан оқушылар да, ескі дүние мен бүгінгі нұрлы заманның куәсі болған, 60 тан асып, жетпіске иек артқан қарттар да осында келуде. Пионерлер үйінің төрінде отырған екі қарт жас балалар келген сайын оларға аталық мейіріммен қарайды. Қуанышты, нұрлы жүздерінен бейне бір шаттық өмірдің жастарын көргендей болады...

Омырауында алтын жұлдыз медалі жарқырап отырған қарт жанындағы көршісі Архем атайға қарап сөйлей бастады.

— Архем, мына бүлдіршіндей балалар — өмір гүлі емес пе? Қарашы ана біреусі кітапқа тесіле қарап отыр. Ана балалар жаста болса, шахматшы-ау деймін, тіпті үлкендер де, кішілер де солардың жанына жыйналып қалыпты, — дегенде Архем сөзді тереңнен қозғады.

— Абай аталарының ұрпақтары емес пе. Білесіңбе, Абай күздің күндері сонау Жидебай қыстағындағы төбешіктің үстінде отырып алып, балаларды оқытуды, өнерге үйретуді арман етуші еді. Абай арман еткен өнер иелері де, білім шыңына аттанушылар да осылар емес пе, — деп өткен мен бүгінгі күннің жастарына көз жібере сөйлей бастағанда, екінші бөлмеден кірген орта бойлы, қой көзді қара торы жігіт олардың сөзін бөліп кетті. Ол кең бөлме ішіне көз жүгіртіп өтті де:

— Кездесу жыйынымызды бастайық. Ақсақалдар отырыңқырап калды білем. Бүгінгі жыйын қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың қайтыс болғанына елу жыл болғанына арналады. Абайдың өмірі мен творчествосы туралы баяндама жасау үшін сөз аудандық пионерлер үйінің директоры Жануақасов жолдасқа берілді.

— Қазақ халқының ойшыл ақыны, біздің жерлесіміз Абай Құнанбаевты сендер жақсы білесіңдер, — деп бастаған директор ақынның өмір баянына, творчестволық өсу жолдарына, шығармаларының идеялылығына, мазмұндылығына кеңінен тоқталып айтып тұр. Қатардағы үйлердің бірінен шыққан жас өнерпаздардың шырқай салған әні пионерлер үйіндегілерге айқын естіледі. Баяндамашы сөзінің ара-арасында әнге құлақ түріп те қояды.

— Абай аталарын өнер үйренуге ерекше көңіл бөлген еді. Естисіздер ме аудандық мәдениет үйінің сахнасынан көркемөнерпаздардың шырқаған әнін. Егер қазір осы әндерді ақын ата тындап отырса, бүгінгі күнге, Абай ауылының өнерпаздарына қандай риза болар еді.

Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең мендей сүй, — деген Абай аталарын

мына шырқалған әндерді құлағын түріп тындар еді — деп ол ұлы ақының ән мен күйді тамаша тындаушы екенін еске алды.


Бұл жыйын әр оқушының көзіне кешегі ауыл мен бүгінгі Абай ауылын елестетті. Өзінің тамаша өмірін әр қайсысы сезіне түсті. Олардың көз алдында бүгінгі Абай ауданы тұрды.

Қазір мұнда 21 мектеп барын олар жақсы біледі. Оқу жасындағы балалардың бәрі дерлік оқыйды. Малшылардың балалары үшін бірнеше бастауыш және жетіжылдық мектептер, қоғамдық және бюджеттік үш интернат жұмыс істейді.

Бұлармен қатар аудандық мәдениет үйі, 9 оқу үйі, селолық клубтар, қызылотаулар бар. Ондағы көркемөнерпаздар үйірмелерінің мүшелері тек қазақ әндері мен күйлерін ғана емес, сонымен бірге совет композиторларының, еліміздің көп ұлтты халықтарының, халықтық демократия елдерінің әндерін де шырқатуда. Ақын ата арман еткен жақсы ән мен тәтті күй. Біздің заманымызда кең құлаш жайды. Осы кезде мәдениет үйінен хормен орындалып жатқан Абайдың өз әні Абай селосының көшелеріне таралып, аспан әлемінде шарықтап тұрып алғандай болды.

Социалистік Еңбек Ері Шыңғыс қарт орнынан тұрғанда оның әжім тартқан жүзінен еңбектің алуан түрлі белестері көрініп, қажырлы қарт екені аңғарылғандай да болды.

— «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» — деген екен данышпан ақын. Мен жасымнан мал бақтым... Осынау Жидебай, Шыңғыс тауы маңындағы байлардың малшысы болдым. Ол кезде қандай еңбек етсемде, ішсем — тамаққа, кисем — киімге жарымаушы едім. Еңбек бағаланбайтын. Міне,



Қазақтың Абай атындағы Педагогикалық Институтының Абай атындағы стипендияты, әдебиет факультеті үшінші курсының студенті Арсен Ибагов.

енді қараңызшы, еңбек біздің елімізде даңқ шығарып, аброй әперіп, ер атандырып отыр.

Пионерлер қарттың омырауындағы алтын жұлдыз медаліне әлсін-әлсін қарап оның аузынан шыққан әрбір сөзді қызыға, құмарта тындап отыр. Әңгіме желісі еңбектен басталып, оқуға, өнер үйренуге басқа да ауданның шаруашылық мәселелеріне ұштасуда.

Бүгінгі Абай Отаны көркейіп, нығая түсуде. Егіншілік, мал шаруашылығы өркендеді. Қолхозшылардың көпшілігінің табысы артып миллионер колхозға айналды. Аудан іргесіндегі Абай атындағы колхозды ғана алайық. Өткен жылы колхоз 1,5 миллион сомдай кіріс кіргізді. Қолхозшылардың еңбек күніне көптеген ақша, астық, мал берілді. Қолхоз шаруаларының материалдық әл-ауқаты артып, тұрмыс дәрежелері жақсаруда. Шаруашылық, балалар Отандық жаңа техникамен жабдықталуда.

Әңгіме желісі қайта айналып өткен өмірге оралды. Шыңғыс қарт аз ойлағып, жаңа әң-

гіме бастады. Әңгіменің басталуы да, тартымдылығы да тамаша. Оқушылардың көз алдына Жидебай қыстауы қасындағы 12-13 жасар балаға домбыра тарттырып, ән айтқызып отырған Абай аталары елестегендей болады.

— Алыстан келе жатып, сусын ішу үшін бір үйге бұрылдым. Үйге кірсем көк майсаға тігілген кигіз үйдің төрінде адам толып отыр екен. Абайға алғаш көзім түсті. Ол үйдегілердің гүжілдей сөйлеп әңгімелесуіне қарамастан баланың қолындағы домбыраның пернелеріне шұқшия қарап қалған. Кейде баланың қолын ұстап пернені бастырады да, кейде домбыра пернелерін өзі басады...

Өнерге үйрету мәселесі өткен замандағы оқу мәселесімен байланыстырылды.

— Әлі есімде, ол кезде біздің ауыл Абай ауылымен, жаз жайлауымыз, қыс қыстауымыз, күз күзегіміз бірге болмаса да, көршілес жататын. Ақын ауыл молдасына туыстарының баласы ма, әйтеуір, бір баланы әкеліп молдаға тапсырып жатты да:

— «Мына балаға зекіп, қатты ұрыспаңыз, дүре соғуышы болмаңыз. Егер балаға ұрсып, зеки берсеңіз, дүре соқсаңыз, ол сізге шәкірт болудан өзі де қашады және оның сабақ оқуына зыянын тигізеді. Бала жасқаншақ болып өседі» — деп молдаға қатты ескертті. Сол кезде мен де сол молдада оқушы едім. Балалар Абайдың сөзіне қатты риза болды. Бірақ молда алдында үндеуге шама жоқ еді.

Сөз Абай еңбектерін жыйнау жұмыстарына қатынасқан, ақынның өмірін, творчестволық қызметін жақсы білетін, ауданда ұлы ақынның өмірі туралы шежіре атанып жүрген Архем Исқақов қартқа берілді. Ол Абай заманында қазақтың ұлттық тілінде бірде-бір мектеп болмағанын, ал арап тілін үйрететін жеке молдалардың мектебінде тек байлардың, билердің балалары ғана оқыйтынын айтты. Байлар мен билер өз балаларын оқуға бергенде ел билеу, мал табу мақсатымен беретініне тоқталды. Қазақ халқының прогресшіл ақыны Абай өз балаларын оқытудағы мақсатын бай мен билердің балаларын оқытудағы мақсаттарына қарама-қарсы қойды.

Адамның бір қызығы бала деген,
Баланы оқытуды жек көрмедім.
Баламды медресеге «біл» деп бердім
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім

— деп еді аталарың Абай. Бірақ ақынның ойы өз заманында іске асқан жоқ. Сендер

мен біздердің қызыққа толы бақытты заманымызда ғана іске асты. Ақын айтқан сүйер ұл да, сүйсінер балалар да сіздер — еліміздің жас ұрпақтары. Оны советтік семья, мектеп тәрбиелеп өсіруде. Абай «әкесінің баласы—адамның душпаны, адамның баласы — бауырын» депті, балалар. Ақынның бұл сөзінде орасан маңыз бар — дей келіп қарт балаларға жеке бастың қамы үшін емес, Отан үшін, халық үшін қызмет ету керектігін ескертті. Архем қарт Абай ауылында оқып жоғары дәрежелі білім алған еліміздің жоғары оқу орындарында қызмет істеп жүрген кейбір жеке адамдарға тоқталып, пионерлерді ғылым шыңына қарай өрлей беруге шақырды.

Пионерлер ақын туралы өзара пікір алысты.

* * *

Өткен оқу жылының жазғы каникулы болатын. Абай атындағы колхоздағы бастауыш мектептің оқушысы Сәкен Жәкенов інісі Оралтаймен бірге Жидебай маңындағы колхоздың түйе фермасындағы нағашысы Сләмшайхы Қашқынбаев қарттың үйіне келді. Бірнеше күн өткеннен кейін нағашысы Сәкенді ертіп кешеден бері жоғалып кеткен 3 түйені іздеуге шықты. Түске таман олар Жидебай қорығына келіп, түйелерін тауып алды. Абайдың Жидебайдағы қыстағына қарай беттеді.

Сәкен түйесінің басын нағашысына қарай бұрып:

— Нағашы, ана төбешіктегі ақ үй кімнің үйі? Жанағы көрген көп үйлерде кімдер тұрды екен? — деп сұрай бастады.

Түйелерін тауып, көңілі толып келе жатқан қарт жиенінің сұрақтарына алғаш көңіл қоя қоймап еді, бала:

— Жанағы көп үйлердің салынғанына көп жылдар болған тәрізді, өйткені көпшілігінің кейбір қабырғалары құлап қалыпты, — деп нағашысын еріксіз сөзге араластырды.

— Ертеде, — деп бастады қарт әңгімесін, — осы Жидебай маңына 25 тей орыс семьясымен көшіп келіпті. Осы жерде егін, бақша салып бірнеше жыл тұрыпты. Ол — міне солардың салған үйлері. Жана көрдің ғой, үйлер бірінен соң бірі қатар-қатар салынған. Қазақтар оны «Орыс поселкесі» — деп атап кеткен көрінеді. Ал, анау тұрған ақ үй қазақ халқының ұлы ақыны Абайдың Жидебайдағы қыстауы. Онда ақынның өлең жазатын, демалатын, қонақ күтетін бірнеше бөлмелері, мал қамайтын қоралары бар.

Сәкен нағашысынан Абай қыстағын көріп

қайтуды сұрады. Көп кешікпей олар Абайдың қыстағына келді, Сәкеннің көзі үйдің қабырғасына таяу орнатылған мраморлы ақ тасқа түсіп, онда жазылған жазуды оқый бастады:

«Бұл үйде қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев тұрған» деп аз кідіргенде, нағашысы жиеніне әрі қарай оқы деп еді бала: «Здесь жил великий поэт казахского народа Абай Құнанбаев» деп тез оқып шықты. Нағашысы мен жиені Абай тұрған бөлмелерді, мал қораларын аралады. Одан шығып бұлаққа келді.

— Мынау мөлдір сулы бұлақ — «Абай бұлағы» деп аталады. Абай және оның семьясы осы бұлақтан су ішкен. Жанағы үйдің жанындағы төбешікте күздің күндері Абай шапанын желбегей жамылып, домбыра шертіп отырушы еді деседі жұрт.

Сәкен мен Сләмшайхы күн шығысқа қарай беттеді. Абай қыстағынан бір жарым шақырымдай жердегі Абай зыйратына келді. Зыйрат есігінің алдындағы мрамор тасқа: «Абай (Ибраһим) Құнанбаев қазақтың ұлы ақыны және данышпан ойшысы» деп қазақ, орыс тілдерінде жазылыпты...

...Пионерлер үйінде болған кездесу жыйынында Сәкен Жәкенов сыяқты Абай қыстағына саяқат жасаған көптеген пионерлер өздерінің көрген, білгендерін ортаға салды. Кездесу соңында Абайдың жерлестері, ақынның жас шәкірттері «Айттым сәлем қаламқас», «Көзімнің қарасы», «Бойы былғаң» басқа да көптеген әндерін орындады. Абай әндерін — оның жас ұрпақтары Отанымыздың қуаттылығын, байлығын, ұлылығын баяндайтын совет композиторлары мен ақын жазушыларының әндерімен, өлеңдерімен ұштастырды.

Абай атындағы орта мектепте 1939 жылдан бері екі айда бір рет шығып тұратын «Абай ұрпақтары» атты журналдан үзінділер оқыды. Онда Абайдың жас жерлестері — Абай ұрпақтарының қолымен жазылған көптеген өлеңдер, көркем сөздер, әңгімелер бар.

Жас ұрпақтардың Абай әндерін айтуына, ақынға арнап жазған өлеңдерін оқуына Шыңғыс, Архем қарттар да риза болып:

— Абай аңсаған жас ұрпақтар, міне, осылар, — деді күлімсірей, — білім шыңына, сүйікті Отанымыз үшін қызмет етуге аттанған қадамдарың құтты болсын, Абай ұрпақтары!

Өмірбек Смағұлов.

Семей облысы. Абай ауданы,
Абай селөсы.

АБАЙДЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ҒАҚЛИЯ СӨЗДЕРІНЕН

✓Сөзіне қарай — кісіні ал,
Кісіге қарап сөз алма.➤
Туғанда дүние есігін ашады
өлең

Өлеңмен жер қойнына
кірер денең.

Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға.

✓Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

✓Досыңа достық қарыз іс,✓
Дұшпаныңа әділ бол!

✓Асығыс түбі өкініш,✓
Ойланып алмақ — сабыр сол.

Әбұйыр, атақ сол жанда —
Кімді көп жұрт мақтаса.
Ол мақтаудан не пайда,
Көп мақтауын таппаса.

Әсемпаз болма әрнеге,
Әнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та бар қалан.

Көп адам дүниеге бой
алдырған,

Бой алдырып аяғын көп
шалдырған.

Өлді деуге сыя ма ойлаңдаршы
Өлмейтұғын артына сөз
қалдырған.

Ұзақ өмір не берер,

Көрген, білген болмаса.
Жатқан надан не білер,
Көңілге сәуле қонбаса.

Әннің де естісі бар, есері бар,
Тыңдаушының құлағын кесері
бар.

Ақылдының сөзіндей ойлы
күйді
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.

✓Орысша оқу керек... мал да,
өнер де, ғылым да — бәрі
орыста.➤

✓Әкесінің баласы — адамның,
дұшпаны, адамның баласы —
бауырың.➤

✓Егер ісім өнсің десең, ретін тап.➤

✓Бақпен асқан патшадан мый-
мен асқан қара артық. Сақалын
сатқан кәріден еңбегін сатқан
бала артық.➤

✓Жаман дос — көлеңке, басыңды
күн шалса, қашып құтыла ал-
майсың, басыңды бұлт алса, із-
деп таба алмайсың.➤

✓Қайратсыз ашу тұл, тұрлаусыз
ғашық тұл, шәкіртсіз ғалым
тұл.➤



Жерлестер

(Жазушының жол дәптерінен)

Бердібек Соқпақбаев.

Біз Цюрупа ауданының орталығы Шарбақтыға келгелі күн қабағын бір ашқан жоқ — кешелі бері ақжауындатып құйып тұр. Көше арасы белшеден батар мый батпаққа айналды. Күн ашықта хром етікті жігіттер ішінде менің мына жолға киген дүрдік бас, кең қоныш кирзо етігім өгіз мінгендей сөлекет көрінгенімен, жұрт айтқан жақсылығын осындайда мықтап бір танытты. Бас-көз демей аяғымды алшақ басып мен кете беремін де, қасымдағы облыстық газеттің бөлім бастығы Әміров басар жерін сығалап, кібіртіктеп қалып қояды. Оның әлсін-әлсін айта беретін өкініші:

— Қап әттеген-ай, калошымды ұмытып кеткенімді қарашы!

Үй алдына келгенде мен былғанған етігімді шалшық суды кешіп тұрып, мұнтаздай етіп жуып аламын да, Әміров шылық-шылық етіп жұлығынан сілекейі шұбырған хром етігін қолына түскен шөп-шаламмен сүрткілеп:


— Ішіне су өтіп кетті-ау! Аяғым тоңатын болды-ау,— деп кейіп жатады.

Аяғым құп-құрғақ боп, қыз-қыз қайнап тұрған кирзо етігім маған жарасымды да, сәнді де көрініп кетеді.

Бүгін сапарға шыға алмай, осындағы Павлодардың 37 санды механизациялық училищесін араладық.

Училище 1933 жылы негізделген екен. Ол әуел баста тракторшылар дайындайтын екі-үш айлық қысқа мерзімді курс те болыпты. Содан бергі 21 жылғы өмірінің ішінде училище облыс колхоздары мен совхоздарына мындаған жас механизаторлар — тракторшылар мен комбайншылар дайындап берген. Қазір мұнда оқу мерзімі алты ай. Тракторшылар мен комбайншылар әзірлейтін екі бөлімі бар. Ал, июнь айының басынан бастап трактор бригадаларының бригадирлерін әзірлейтін де бөлім ашылған. Онда оқу мерзімі бір жыл. Бұған ең кемі бұрын бір жыл тракторшы болған тәжірибелі механизаторлар қабылданды.

Училищенің материалдық базасы мол. Еліміздің астықты аудандарының егіс даласында пайдаланылатын бүгінгі күнгі озат



техниканың мұнда бәрі дерлік бар. Жаңа машиналармен қатар күні өткен ескі маркалы «Универсал», «ЧТЗ», секілді «карт» тракторлар да тұр. Оқушыларды отандық ауылшаруашылық машиналарының тарихымен таныстырғанда, бұлар көрнекі құрал ретінде әлі де пайдаға жарай бермек.

Оқушыларға: киім-тамақ, төсек-орын, қағаз-қалам, оқу құралдары бәрі мемлекет есебінен—тегін. Ал, одан тыс айына 200 сомнан стипендия да беріледі. Қысқасы оларды мемлекет түгелдей өз қамқорлығына алып, бар жағдайды жасаған.

Училище директоры Матвеевкодан:

— Біздің Алматыдан келіп оқып жатқан жігіттер мен қыздар бар ма? — дегенімде:

— Училищенің тең жартысы Сіздің жерлестеріңіз,— деп жауап берді ол.

Ол рас та екен. Мұнда оқып жатқан 240 оқушының 104-і Алматыдан тыңда еңбек етуге бастама көтеріп, өзі тіленіп келгендер болып шықты. Бұлар осы училищені алты айда бітіріп, тыңда жұмыс істеуге аттанады.

Міне, токарь өнерін үйрететін мастерская. Кең залдың іші темірді кескен, тескен, егеген әр алуан үнге толы. Ұзынынан үш қатар столдарда алуан-алуан жабдықтардың қасында өз ісімен шұғылданып, бұрылуға мұр-

шасы болмай жатқан өрімдей қыздар мен балалар.

Мен дауысымды әдейі қаттырақ шығарып амандастым. Битаныс кісіге жапырлай қарап, олар аңтарыла қалысты.

Жөн сұрасақ осы тұрғандардың бәрі алматылықтар екен. Менің де Алматыдан келгенімді білген соң олар, бір жақын туыстарын кездестіргендей лап қойып, ілезде қоршап алды.

— Алматы қалай біздің?

— Қандай жаңалықтар бар? — деп қарша жауған сұрақтардың астында қалдым.

— Жаңалық сол — өздерің секілді жас энтузиастар игерілетін тың жерлерге әлі де ағылып кетіп жатыр — деймін мен.

Осылайша қызу әңгіме басталып кетті. Менің алдымда бір қолында әлі бір жақ басы ойылып, өңделмеген ключы, екінші қолында сол ключты размеріне келтіріп жасайтын жып-жылтыр гайкасы бар, беті толық, сом денелі, пішіні жуақтау бала тұр. Бұл Леонид Мифодеевич Палкин. Ол 1936 жылы туған. Біз оның бұған дейін қайда істегенін, мұнда қалай келгенін сұрадық.

— «Алатау» ресторанында шәкірт асбашы болып істеп жүр едім, — деді ол. — Жастар тыңды игеруге аттана бастағанда маған да салмақты ойлар келді. Алып тракторлар тетігін сақаша иіруге күші жетерлік мына сом қолдарымды бұдан былай тарелка мен қасыққа матап қоюым енді кешірімсіз кінә көрінді. Сонымен өзгелерге ұқсап, мен де арыз бердім де, өзім тіленіп осында келдім.

— Сабакты қалай үлгіріп жүрсің?

Леонид бұл сұраққа күмілжіп жауап бере қоймай, мына кісілер айтсын дегендей, мектеп басшылары мен мастерлерге қарады.

— Бұл — училищеміздегі ең үлгілі курсанттың бірі. Сондықтан да біз оны жуырда комсомолға қабылдадық, — деді мектептің оқу ісін басқаратын, орта бойлы, мығым денелі сары жігіт Григоренко, ол үшін жауап беріп.

Трактордан сабақ беретін мастер сөзге сараң, ауыр мінезді Яков Блац — Палкинді арқадан қағып:

— Бұл нағыз бүгінге сай тракторшы болады, — деді.

Оның былай деуінің мәні бар екен. Техниканың бүгінгі жедел даму жағдайы механизаторларға талапты күннен-күнге күшейте түсуде. Бұдан бірнеше жыл бұрын екі үш айлық курсты бітірісімен, тракторды я ком-

байнды басқару, оларды жеңіл-желпі жөндеу дәрежесіне жеткен адамдар машинаға қожалық ете беретін болса, енді мүлде олай емес. 6 айлық мектепті барлық сабақтан көңілдегідей бітіріп шыққандарға ғана тракторшы, комбайншы деген мамандық беріледі. Мұнда ауылшаруашылық машиналары, агротехника, слесарлық іс, тракторлар, ССРО Конституциясы, ауыл шаруашылығының Уставы, дене тәрбиесі пәндері оқытылады. Ал, нашар үлгіргендер тіркеуші боп жіберіледі.

Палкиннің иығына қарап тұрған, ұяң, жылы жүзді, бүлдіршіндей жас қыздан:

— Сен де Алматыдан келдің бе? — деп сұрадым.

— Ия, — деп бұйығылана күлімдеп жауап берді ол.

— Аты — жөнің қалай?

— Беландинова Гүлсім.

Бұл да комсомолдың жолдамасымен келген. Қазір тракторшылар дайындайтын бөлімде үздік оқып жүр.

Гүлсімнің қасында тұрған мығым денелі, орта бойлы, сәби жүзді бала — Аксенов Виктор Парфирович екен. Ол Алматыдағы Қазпромстройдың құрылыс-монтаж басқармасында ағаш ұстасы болып істеп жүрген жерінен осында келіпті. Енді оның тракторшы болғысы келеді. Оқуды озат оқыйды.

Жерлестердің әрқайсысымен осылайша жекелей танысып, бір қауым әңгімелестік. Әлі бойларынан балалық қылықтары арылмаған балғын жас болса да, өздерінің комсомол жолдамасымен мұнда келген міндеттерін олардың қай-қайсысы да терең түсінеді. Қай-қайсысының да қазіргі көкей тесті арманы мектепті тезірек бітіріп шығып, тың көтеруге ағылып келіп жатқан жаңа алып машиналардың руліне тезірек отыру.

Жерлестердің іске құлшынған асқақ жігеріне, көңілді кейіптеріне қарап тұрып, мені де мақтаныш сезім биледі. Қоштасарда әрқайсысының қолын қуанышпен қатты-қатты қысып тұрып:

— Сендердің жігермен, зейінді, тәртіпті оқып жүргендеріңді жерлестеріңе — алматылықтарға мақтанышпен айтып барамын, — дедім.

— Я, бұлар жөнінде айтуға да, жазуға да әбден болады, — деді училище директоры Матвеевко, мені қостап.

Сөйтіп мен Шарбақтыдан талабы таудай, қалың қол жерлестерімнің өлшеусіз сүйінішін алып қайттым.

„Глобус“ — өлке зерттеушілер үйірмесі

А. Розанов.

Өскемен мектептерінің бірі В. И. Лениннің есімімен аталады. Мектепте жас өлке зерттеушілердің «Глобус» үйірмесі ұйымдасқалы алты жылдан асып барады. Қазір бұл үйірмеде жүз жыйырма мүше бар. Жас өлке зерттеушілерге география мұғалімі Анатолий Григорьевич Лукьянов басшылық етеді. Бұл кісі тек білгір мұғалім ғана емес, сонымен қатар — тәжірибелі турист, аңшыл, балықшы. Балалар Анатолий Григорьевичпен бірге туған өлкені шарлап он мыңға жуық километр жер жүрді.

Олар кенді Алтайды, ну орманды аралап талай-талай алыс сапарға аттанған. Әр сапардан балалар көп нәрсе көріп, көп нәрсе біліп қайтатын. Пионерлер Олег Кочергин, Витя Столбов, Саша Мұқатаев түзде ас пісіруге, шырша ағаштардың бұтақтарынан балаған жасауға, шатыр тігуге қандай машықтанып алған десендерші.

Балалардың жыйнаған заттары мектеп музейінде сақтаулы тұр. «Глобус» мүшелері қазынаның бір талайын басқа мектептерге, қалалық пионерлер үйіне бөліп те берген.

МЕКТЕП МУЗЕЙІНДЕ

Мектептің осы бір бөлмесінің ішінде түрлі жәндіктер, өсімдіктер, заттар иін тіреседі. Жоғарыда бұтақта ақ тиін отыр. Сөреден күзен мен шұбар тышқан жаутандап қарап қояды. Бозша қоян зымырап келеді. Сұр жылан шағуға тап бергелі бүктетіліп алыпты. Семіз үйректер сыртқа қарай жүзіп келе жатқан сыяқты. Көкқұтан бір аяғын көтеріпті де, мелшиіп қатып қалыпты.

Мұндағы әр жәндік, әр құс қалай ұсталды, қалай қатырылды, әр қайсысының өзінің қызық тарихы бар.

Бүгін музейді аралап көріп жүрген — төртінші класс оқушылары. «Глобустың» ересек мүшелері өткенді еске түсіріп, оларға қызық әңгіме айтып беріп жүр.

— Мынау шортанды көріп тұрсыңдар ма? Біз мұны Зайсан көлінен ұстағанбыз. Балықшылар бізге ау құруды үйреткен болатын. Бірде құрған ауымызға осы балық ілініпті. Салмағы он бес килограмм тартты.

Ұзындығы бір метр, кептірілген балық аузын арандай ашып, әйнек жәшіктің ішінде жатыр. Өзін ауға іліктірген пионерлерге әлі күнге қаһарын тіккендей-ақ, көзі шарасынан шығып кетіпті.

— Мынау сазанды біз Ертістен кармақпен ұстағанбыз, — дейді қағылез, ойнақшыған Дмитрий Малога.

— Мынаны есте сақтаңдар, — деп сөзге Анатолий Григорьевич араласады. — Бұдан небары он сегіз жыл бұрын Ертісте сазан жоқ болатын. Совет оқымыстылары сазанды Балқаш көлінен самолетпен әкелген еді. Қазір сазан жаңа мекеніне үйреніп, өсіп кетті, кармаққа жиі ілініп тұрады.



Мектеп музейі.

Балалардың бірі жезбен ұшталған садак оғына көңіл аударып, — бұл не? — деп сұрайды.

Адам баласының ең алғаш керегіне жаратқан металының бірі — мыс болған. Мектеп музейінде мыстан жасалған заттар да бар, оның бәрі Алтай тауындағы ескі мекендерден табылған.

Витя Подойников үйірмеде геологтар звеносын басқарады. Ол кенді Алтайдың бай қазнасы жайында құмарта сөйлейді, өз звеносының тапқан асыл тастарын да көрсетіп қояды. Мөлдірлеу ақ тас Витяның қолында тұр:

— Бұл — кварц. Мұның ішінде көп зат бар. Кейде кварц жүлгесінен алтын да табылып қалады.

Қорғасын, мырш кенінің кішкентай кесегі туралы да көп нәрсе айтуға болады. Шығыс Қазақстанда қорғасын, мырш шығаратын ірі-ірі өндіріс орындары бар.

Төртінші класс оқушылары музейдің ішіндегінің бәріне тамсана қарайды. Олар сұрауды жаудырып жатыр. Ақыры, «Глобус» мүшелерінен өткен жаздағы жорықтарың туралы айтындар, деп сұрап еді. Сол-ақ екен, әдебиетшілер мен суретшілер үйірмесінің жетекшісі тығыршықтай Юра Смоляков шкафтан өзінің жорық дәптерін ала бастады.

ЮРА СМОЛЯКОВТЫҢ КҮНДЕЛІК ДӘПТЕРІНЕН

Юраның күнделігі өзінің шығарған өлеңімен басталыпты.

Күнделікте Алтайдың биік шыңдарының бірі — Мұзтауға «Глобус» мүшелерінің жасаған бір айлық жорығы бастан-аяқ түгелдей жазылған еді.

«Жас суретшілер секциясы, — деп Юра күнделігін оқуға кірісті, — саяқатқа қыстан бастап-ақ қызу әзірленді. Балалар тауда кездесетін аңдардың суретін салды. Геологтар маршрут картасын жасады. Анатолий Григорьевич пен звено вожатылары пионерлерді жол бағдарлайтын аспаптармен таныстырды. Бұрын жорықта болған ересек балалар өз тәжірибелерін айтып берді».

Юра Смоляков 16 июль күні дәптеріне былай деп жазыпты:

«Кіші Арасан көлінің жағасына келіп лагерь тіктік. Көл маңы қою қарағай.

Геологтар таңертеннен бері көл жиегінде жүр. Суретшілер Мұзтауды көреміз деп кет-

ті. Олар Рахман бұлағы бар тау қойнауының картасын жасамақ. Бұл бұлақтан ыстық су шығады екен. Биологтар шұбар тышқандарға қақпан құра бастады, қастарында жергілікті аңшы жүр.

Мұзтауды көрдік. Төрт шыңы бұлтты жарып, күнге шағылысып, жалт-жұлт етеді, фотографтар бірнеше сурет түсіріп алды.

Биологтар шұбар тышқан ұстап алды, гербарий жасау үшін түрлі өсімдіктер жыйнап әкелді. «Глобус» мүшелері жергілікті қазақ балаларымен дос болып кетті. Олар бізге үлкен қоныз әкеп берді. Ондай қоныздың екеуі өзімізде бар болғанмен де, достарға алғыс айттық».

Күнделікте 17 июльде былай деп жазылған еді.

«Таңертеңгі астан кейін отряд жыйыны болды. Звеноларға жана тапсырмалар берілді. Көлдің схема-картасы жасалынып, түрлі ағаштардың суреті салынатын болды.

Бір топ бала құр аулауға барады. Біз ағаштарды тықылдатып, тізіліп келе жатырмыз. Бірде-бір құр ұшқан жоқ. Арқар көрдік. Бір тиін атып алдық. Және бір құс аттық. Бұл — қарағай арасында ғана жүретін құс көрінеді. Түсі — қоңыр, үлкендігі — қарғдай. Бізбен Амантай деген ауыл баласы құс аулауға бірге шыққан еді. Содан білдік, әлгі құс — шәукарға деп аталады екен.

Көлде гагар жүзіп жүргенін көрдік. Бұл — үлкендігі қаздай, әсем құс. Гагара Алтай көлдерінде сирек кездеседі. Шапшаң жүзеді. Анатолий Григорьевич атып қалып еді, суға лезде сүңгіп кетіп, екінші жерден барып шықты».


Мұнда жорықшылардың екі күнгі өмірі ғана суреттелген. Бір айда қандай-қандай қызықтар болмады дейсің. Юра Смоляков күнделігін оқып бітіргенде, тындап тұрған балалардың бәріне-ақ болашақ жорыққа қатыссам-ау деген ой келді. Анатолий Григорьевич соны аңғарып:

— Жорыққа бәрінің де қатысуына болады. Бірақ ол үшін жақсы оқу керек, алыс сапарға жақсылап дайындалу керек, — деді.

* * *

«Глобус» мүшелері қазір жазғы жана саяқатқа қызу әзірлік жасап жатыр. Быйыл олар Алтай аясындағы сұлу көлдердің бірі — Марқа көлге саяқаттап бармақ.

Сапарларың сәтті болсын, жас достар!



Шахмет Құсайынов

Әпештеудің әлемі

ҮШ АҚТЫЛЫ ПЬЕСА

(Мектеп сахынасына лайықталып ықшамдалған)

ҚАТЫНАСАТЫНДАР:

ШАПЫҚ ШЫНБОЛАТОВ	— Жауапты қызметкер.
ГҮЛНАПЫС	— Оның әйелі.
МАРАТ.	— 7-класта оқыйтын ұлы.
ӘЙКЕН	— Шапықтың бұрынғы әйелінен туған қыз.
АНФИСА ИВАНОВНА	— Мұғалима, класс жетекшісі.
МЕРХАТ	— Маратпен бір класта оқыйды.
НАЗЫКЕН	— Оныншы кластың оқушылары.
ДОСКЕН	
КӨРШІ	— Әйел.
МИЛИЦИОНЕР.	

БІРІНШІ АКТ

Қаланың қалтарыстау көшесіндегі Шапық Шынболатовтың оңаша үйі. Үйдің бакша жағында әйнекті терраса, Асханадан террасаға шығатын есік бар. Оң, сол жақтағы бөлмелерге кіретін есіктің маңдайшасынан төгілте құрған штор. Еденге кілем төсеген... үйдің ішкі жиһазы бай. Үстерінде ақ фартукті күрең көйлек, Назыкен мен Әйкен сын сабағына әзірленіп отыр.

ӘЙКЕН. (кітабын жауып керіліп) Аздап демалайық.

НАЗЫКЕН. (сағатқа қарап) Мәссаған... неше сағат отырғамыз.

ӘЙТКЕН. Уақыттың өткенінде білмей қалыппыз... (түрегеліп) Мен шай қамдап жіберейің.

НАЗЫКЕН. Сен шай қамдағанша, ән тарта тұрайын... (пиониноның қасына келіп ән толғайды)

(Сырттан қақпаны ашып, ысқыра айғайлап Марат келеді. Байлаулы овчарканың үрген даусы естіледі).

МАРАТ. Жолбарыс, жолбарыс! Наһ, наһ!..

ӘЙКЕН. (террасадан ұмтыла қарап) Марат, Марат! Қабаған итте нең бар?

МАРАТ. (итті ызаландырып) Жолбарыс, жолбарыс! Наһ, наһ, наһ!

НАЗЫКЕН. О, тентек, бұл неге ерте келді?

ӘЙКЕН. Қой деймін, Марат, ызаландырма, ызаландырма!

(Марат тыңдамайды, Әйкен жүгіріп далаға шығады)

НАЗЫКЕН. Ничего, түбінде, бір адам боларсын. (шошына қарап) Мынаның өзі ничего болмай барады. (үрейленіп) Босатып жіберді. Қабады-ау!.. (Әйкенге көмек беруге о да кетеді. Омырауы ашылып, шашы ұйпаланған алқы-талқы Маратты Әйкен итермелеп үйге кіргізеді).

ӘЙКЕН. Қылжаңдамай, кір үйге! (Әйкен есікті сыртынан жабады да овчарканы байлауға кетеді).

МАРАТ. Ашықауыз қыздар алдана тұрсын! (қатардағы бөлмеден дәптерлерді әкеліп пештің ішіне тығады. Сіренкемен от қоя бергенде көше жақтағы есік қағылады).

Дауыс. Аш, аш! (Марат пештің қақпағын жауып, сездірмеуге тырысып есікті ашады. Мерхат кіреді)

МЕРХАТ. Келдің бе, сотқар... дәптерімді өзіме қайыр.

МАРАТ. Өзің алғаның қайда...

МЕРХАТ. Қырсығың маған тиеді. Менен көшіріп алғаныңды біліп қап қысып жатыр... Үйдің іші түтін ғой... (пештің қақпағын ашып) Сұм екенсің, мені де құрттың ғой! Оңбаған... (жыламсырайды)

МАРАТ. Жылама, жылама! Құрысақ бірге құрыйық...

МЕРХАТ. Өзің құры...

МАРАТ. Ұстап берсең, мойныңды үзем... (алқымынан алып) Тісіңнен шығарсаң, өлесін...

МЕРХАТ. Босат босат...

МАРАТ. Ақымақсын... бүгін тақтаға шыққанда құладым ғой.

МЕРХАТ. Сенің құламаған күнің бар ма.

МАРАТ. Тақтада құлағанның оқасы жоқ. Үйге берген тапсырманы сенен көшіріп алғанымды білмесе болғаны.

МЕРХАТ. Сұрап қалса, не деп танам.

МАРАТ. Танғанда бетің былш етпесін.

МЕРХАТ. Маған бетсіз бол дегенің ғой!

МАРАТ. Мені мектептен шығарса, папам қайыра алғызады, сені шығарса кім алғызады? Оны да ойла. Қыздар келе жатыр. Көрінбей зытып тұр. Кеп қалды. Жөнел тез!.. (Мерхат кетеді. Әйкен мен На-



зыкен кіреді. Марат түк сезбегенсіп ысқыра әндетеді)

НАЗЫКЕН. Ой сотқар.. Тәтеңмен жағаласқаның не? Сүйте ме екен?

ӘЙКЕН. Неге ерте келдің?

МАРАТ. Ене,-е... уақыт. Сағатқа қара!

ӘЙКЕН. Сағат он екі Расписание бойынша сабағың бірде бітеді. Безермей жауап бер!

НАЗЫКЕН. Ничего, қыспай тұра тұр. Қазір жауап береді.

ӘЙКЕН. Бұл бүлдіріп келді.

МАРАТ. Есеппен мыйлары қатып, уақыттың өткенінде білмейді, мені қысады...

ӘЙТКЕН. (шұқшия қадалып) Карсыласпай шыныңды айт. (кепкесін көрсетіп) Мынау не? Өрт сөндірдің бе?..

МАРАТ. (жуынуға әзірленіп) Сабын қайда? Сабын!

ӘЙТКЕН. Кухнядан барып қарамаймысың!

МАРАТ. Мамам, маған өз сабыныңмен жуын деген.

ӘЙКЕН. Басқаныкімен жуынсаң, тістеп ала ма.

МАРАТ. Бетінің безеуі жұғады... (кухняға жуынуға кетеді).

НАЗЫКЕН. Күнде істейтіні осы ма?

ӘЙКЕН. Бұл — әлі ойыншық, бұдан да зорын көресің.

НАЗЫКЕН. Ничего, қарап тұр, мен кірісіп көрейін. Көнбей көрсін.

ӘЙКЕН. Көңілің қалады. Әуре болма.

НАЗЫКЕН. Дені сау, есі дұрыс. Бұған не жетпейді?

ӘЙКЕН. Тәрбиесі жетімсіз болса...

НАЗЫКЕН. Неге жетімсіз, әкең болса, директор. Оның үстіне қалалық советтің депутаты...

ӘЙКЕН. Назыкен бауырым, білмейсін ғой, біздің үйдің қайғысын... (кідіріс, ысқыра әндетіп Марат келеді, Әйкен мен Назыкеннің алдынан өте беріп қолының суын беттеріне шашып қалады)

МАРАТ. О, оho! Судан сескенеді. Киімдерім қайда?

ӘЙКЕН. Мамаң келгенше еш жаққа бармайсың.

МАРАТ. Папаңмен бірге охотаға барасың. Дайындалып тұр деп маманың өзі айтқан. (гордиробтың кілтін іздейді) кілтті көрдің бе? Сенде ме, әй-қыз?

ӘЙКЕН. Кілт менде... саған берілмейді.

МАРАТ. Пышақпен ашам, қайтесін? (Әйкенді итермелеп ішкі бөлмеге кіруге ұмтылады. Әйкен бөлменің есігін ішінен бекітіп алады) Бермей көр!

НАЗЫКЕН. Қыйратамысын есікті.

МАРАТ. Аш, аш!

НАЗЫКЕН. Сені, ничего бала ма десем, сотқарсын ғой!

МАРАТ. Ол менің киімдерімді неге бермейді...

НАЗЫКЕН. Егеспей, бері мына орындыққа отыршы?

МАРАТ. Маған мына қара қыздар ақыл айтпаса екен.

НАЗЫКЕН. Ничего, балақай! Ақыл айтылады сен, оны тыңдайсың. Сабақтың ақырын күтпей неге ерте келдің?

МАРАТ. Пішту шіркін...

НАЗЫКЕН. Несі пішту...

МАРАТ. Мұғалім ауырған. Сабақ болмаған. Бізді босатқан.

НАЗЫКЕН. Босатқан кім?

МАРАТ. Кім болушы еді. Директордың өзі! (зығырданы қайнап) О, қызды ма, о қызды... осыдан

киімдерімді алып бермедің бе, одан да бетер сотқар болам. Бүлдіремін.

НАЗЫКЕН. Бүлдіргенде не істейсің?

МАРАТ. Не істейтінімді қарап тұр. *(шай жабдығын жасаған ас столының астына кіреді де арқасымен көтеріп қап, қозғап қояды. Назыкеннің үрейі ұшып безек қағады)* Бермей көріндер!

НАЗЫКЕН. Апырай, мына сотқар! Апырай мына сотқар... қыйратамысын. Шық былай!

МАРАТ. Қыйратамын. *(столды шыр айналдырғанда, үстіндегі ыдыстар, салдыр, гүлдір біріне-бірі соғылады)*

НАЗЫКЕН. Қыйрады-ау, сынды-ау! *(жалынып)* айналайын, сындыра көрме. Біреуі сынса, мамаң Әйкеннің шашын жұлады.

МАРАТ. *(дөңгелетіп, үйіре түсіп)* Қашан киімдерімді бергенде ғана қоям...

НАЗЫКЕН. Әйкен, қыйратты-ау мынау! Киімдерін бер де құтылшы. *(жүгіріп ішкі бөлмеге кетеді, үйдің алдына машина кілт тоқтайды. Машинадан түсіп жатып шоферға қадағалап тапсырған Гүлнапыстың даусы естіледі)*

ГҮЛНАПЫС. *(сыртта)* Қозыкен шырағым, Маратжанды мектебіне бар да, алып қайт! Жарай ма?

ҚОЗЫКЕН. *(сыртта)* Мақұл... *(машина сырғи жөнеледі)*

ГҮЛНАПЫС. *(соңынан қозғалып)* Әй,эй! Басының ауған жағына кетіп қалмай тура бар. Жарай ма!

ҚОЗЫКЕН. *(айғайлап жауап беріп)* Жарайды, Гүлнапыс ханым... *(кондитор фабрикасынан пісіртіп алған торт, крендель және басқа көтерген заттары бар, Гүлнапыс кіреді)*

ГҮЛНАПЫС. Әлгі жүгірмек қыз, нәрселерді алмай қайда жүр. Әйкен, ау Әйкен! *(көтерген заттарын стол үстіне қойып жатқанда Мараттың киімдерін алып Әйкен мен Назыкен келеді)*

ӘЙКЕН. Мама, маған беріңіз?

ГҮЛНАПЫС. Машинаның сигналын естісімен неге шықпайсың?

ӘЙКЕН. Мараттың киімдерін дайындаймын деп кешігін қалдым.

ГҮЛНАПЫС. Сен-ақ найқаласын да жүресің. Тортты езіп алма. Буфеттің қуысына қой. Жұмсақ булочканы жылыдай жесін. Орамалмен орай сал.

НАЗЫКЕН. Кондитор фабрикасына пісіртіп алдыңыз ба, Гүлнапыс апай?

ГҮЛНАПЫС. Маратжан дүкеннің нанын искеп те алмайды. Оның үстіне нан да бұзылып кетті. Покливан араластыра ма, ашқымтым дәмінен жүрегің айныды.

НАЗЫКЕН. Қайдам, бізге бәрі-бір.

ГҮЛНАПЫС. Елемегенге, әрине, бәрі бір. Біздің Маратжан екі жасынан тортқа дағдыланды. Дәрігерлер де денсаулығына жақсы, баланды торттан айырма, аппақ борықтай боп өседі дейді... әкесінің арқасында сүйген тамағын алдырып тұрамыз, шырағым... *(стол астында отырған Марат шешесінің мақтағанына масаттанып ысқырады)* жауын-шашынды шақырып ысқырған қайсың?

ӘЙКЕН. Біз емес, мама.

ГҮЛНАПЫС. Ысқырмандар. *(қайткенде стол астынан шығудың айласымен Марат шешесінің тақымынан шымшып алады)* Бұл қайсың-ай, қағынғыр! *(ыршып кейін шегінеді)*.

МАРАТ. *(сақылдап күліп)* Ха, ха... ха... мен ғой, мама.



ГҮЛНАПЫС. Күнтайым-ау, стол астына тыққан кім?

МАРАТ. Мына екі қыз. Папам охотаға алып барды, киімдерімді бер деп ем, стол астына қуып тықты...

НАЗЫКЕН. Үйтіп өтірік сөйлемес... бізді қорқытам деп өзің емес пе кірген.

МАРАТ. Ой суайт... Жағамнан алып итерген екеуің...

ӘЙКЕН. Марат, жаппа жалаңды...

ГҮЛНАПЫС. Жә, сөзді көбейтпендер... Мен үйде жоқ болдым-ақ істейтінің осы.

ӘЙКЕН. Сабағынан неге ерте келді, білмейсіз де бізді кінәлайсыз.

ГҮЛНАПЫС. Жә, ерте жіберген мұғалімінен көр. Жер қорқақ қып баланы стол астына қуып тыққаны пәсі екен. Жүрегі ұшып кетсе қайтесің. Бар, барыңдар.

(Назыкен мен Әйкен кітаптарын алып бақшаға кетеді)

МАРАТ. Мамочка маған өзі соқтықты...

ГҮЛНАПЫС. Тостағандай көзіңнен айналдым... Аанада қонақ шақырғанда ас пісіруге келген қызыл мұрын повар жұмыртқа қосып пісірген булочканы жылыдай жесін деп сәлем айтты... *(тарелкаға сап алдына қояды)* Аусарым, суымай тұрып соғып ал...

МАРАТ. Үгіліп тұр екен...

ГҮЛНАПЫС. Балаң тек тірі болсын. Жанып тұрған от, түбінде қол басы генерал, маршал болуы да ықтимал дейді.

МАРАТ. Дейтін кім?

ГҮЛНАПЫС. Қызыл мұрын повар. Көшеде балалармен қылыштасып бара жатқаныңды көрген-ау деймін.

МАРАТ. *(масаттанып пышақты үйіріп)* Мама, қылыштасқанда бар ғой, крепость, жер, су — деп айқасамыз... маған патронташ әкелдің бе?

ГҮЛНАПЫС. Әкелдім, күнтайым. *(сумкадан алып*

патронташты беліне тағады) ілкім үлкендеу... киімді киіп әзір тұр.

Жешікпей папаң да келеді... (киімін киіп патронташты беліне байлап мақтануға далаға кетеді).

ГҮЛНАПЫС. Осы бір директордан-ақ өлетін болдық... Біздің фамилиямызды атамаса, басы ауыратындай, жыйналыс сайын түйреп-қадап жатқаны... ойын баласымен қашанғы арпалысарсын... Елден шыққан сұмырай біздей-ақ атымызды атайды деп жыйналысына барудан да қалдық... (Маратты өкшелей қуып көрші әйел кіреді. Мараттың қолында ұзын сапты щетка, бояуға малынған, щетканы алып Гүлнапыстың тасасына тығылады)

ӘЙЕЛ. Атаңа нәлет жетпегір...

ГҮЛНАПЫС. Жетпейтіндей не істеді?

ӘЙЕЛ. (сырға боялып бүлінген жасөспірім әйел баланың көйлегін көрсетіп) Беу, беу Гүлнапыс... жақында ғана тігіп кигізіп едім...

ГҮЛНАПЫС. Бетім-ау, осынша ластап былғаған кім?

ӘЙЕЛ. Мына тұрған жалғыз... Итінің күркесін сырлап жатқанда қасына Назыкеш барған екен. Қоймалжың сырды үстіне айғыздап жаға сапты... Бұрнағы күні Назыкешті сексеуілдің кладовкасына қамап қойған жерінен шығарып алдым. Бүгінгісі мынау! Сен ғой баланың арасына түсесің деп мені сөгесін... Қалай ғана түспейсін!

ГҮЛНАПЫС. Көгерме сен, көгермегір. Көйлегін неге боядың.

МАРАТ. Жуса кетеді...

ӘЙЕЛ. (көйлекті бетіне лақтырып) Мә, кетіріп ал... Гүлнапыс, балаңа тыйым сал... салмайды екенсің, көйлегіңнің бірін берсең де төле. Мектебіне барғанда не деп кигізем. «Шынболатовтың бұзық баласы бояп жіберіпті, қызығына қарандар» деп кигізем бе!

ГҮЛНАПЫС. Жалғыз итке не істе дейсің?

ӘЙЕЛ. Кімнің баласы жалғыз емес... кладовкада бұзылмаған сау кілт жоқ... ойлап шығармаған бәлесі бар ма? Көшедегі итке қосақтап мысықты қамайды. Түнімен ар-шар етіп жатқаны...

МАРАТ. Немене, ұйқыңды бұзды ма?

ӘЙЕЛ. Жексұрынның сөзін... Сенен-ақ өлетін болдық қой. Ендігәрі біздің қораға қадам басшы. Мә, алып қал. Ала бүлік бұзығыңа кигіз. (көйлекті Гүлнапыстың қолына ұстатады да, шығып кетеді)

ГҮЛНАПЫС. (соңынан жүре түсіп) Көрші-ау көрші... (сұлық тұрып қалады... Марат сезік алғандай жалт беріп далаға кетеді) Марат, қайда жөнелдің?..

МАРАТ. Қазір келем. (көше жақтағы есіктен класс жетекшісі Анфиса Ивановна мен Доскен кіреді)

АНФИСА ИВАНОВНА. Сәлеметсіз бе, Гүлнапыс ханым.

ГҮЛНАПЫС. Анфиса Ивановна... жоғарлатыңыз... (орындық ұсынады) отырыңыз. (Доскенге) жаңа келіп жүргендей сорамай әрі сен де отыр.

ДОСКЕН. Рахмет, Гүлнапыс апа... (балалар бөлмесінің есігінен қарап) жоқ екен?

ГҮЛНАПЫС. Еу, кімді іздедің шырағым?..

ДОСКЕН. Маратты...

АНФИСА ИВАНОВНА. Сабағынан неге ерте келді? Сұрадыңыз ба?

ГҮЛНАПЫС. Үйі құрғырдың ішкі жабдығымен айналысып, сұрағаным жоқ...

АНФИСА ИВАНОВНА. Бекер сұрамағансыз. Сұрауыңыз керек еді. Әлпештеуді азайтыңыз деп шақырып та, телефон соғып та, үйіңізге келіп те талай ескерттім... тыңдаған ата мен ана жоқ, жөнделген бала жоқ... Доскен, Марат осы маңда болар. Бар да шақырып кел...

ДОСКЕН. Мақұл, Анфиса Ивановна... (кетеді)

АНФИСА ИВАНОВНА. Мен балаңыз Мараттың бізді алдаған ұрлығын білгім келеді... Үйге берген тапсырманы орындаған дәптерлерін көрсетіңіз! Жыл басынан бері дұдамал ойда едік... Ақыры бүгін аштық...

ГҮЛНАПЫС. (көрсетпеуге тырысып) Қай баладан урлап жазады?

АНФИСА ИВАНОВНА. Жақсы оқыйтын шәкіртім Мерхаттан көшіріп алған айыбын бүркеуге тырысып, ақырғы сабақты күтпей тайып тұрғаны класс мұғалімдерінің барлығына мәлім... (екеуі Мараттың бөлмесіне кірді. Сырттан Әйкен мен Доскен келе жатады)

ДОСКЕН. Анфиса апай тексеруге кіріскен екен. Маратты қайдан іздедік?..

ӘЙКЕН. Кесірі маған тиетін болды. Сен бекер келгесін.

ДОСКЕН. Сол үйдің сырын сен жақсы білесін, деп директор жұмсады ғой...

ӘЙКЕН. Ойлары не істемекші?

ДОСКЕН. Бұзақы сотқарлығының үстіне жаман оқыйтындығын дәлелдеп мектептен шығармақшы...

ӘЙКЕН. Шығару — ақырғы жаза. Оқуына біз жәрдем берсек түзелер ме еді?

ДОСКЕН. Асқынып кетті ғой... Анфиса Ивановна жылағаннан бетер қатты күйінде... соның өзі бұзық балаларға қосылудан аман ба?

ӘЙКЕН. Әзірге сезілмейді.

ДОСКЕН. Жан ашыр жақыны — сенсін. Гүлнапыс апай қызғыштай қорып, баласын ақтауға тырысады. Сен әділіне көш...

ӘЙКЕН. Жо, мені атай көрме.

ДОСКЕН. Неден қаймығасын.

ӘЙКЕН. Марат мектептен шығарылса, азабын мен тартамын. Мені аясаң шығартпауға тырыс... Түзелуіне біз жәрдем берейік...

ДОСКЕН. (аяушылық білдіріп) Е, бұл жараман іс болды. (Назыкен кіреді)

НАЗЫКЕН. Тіпті осы маңда жоқ...



ЭЙКЕН. Сарайдың ішін қарадың ба?

НАЗЫКЕН. Шатырдың төбесіне дейін қарадым...

ЭЙКЕН. Сендердің келгендеріңді көріп пе еді?

ДОСКЕН. Ол қу қолға түспеудің айласын мектептен шыға бергенде-ақ ойлады... (балалар бөлмесінен Анфиса Ивановна мен Гүлнапыс шығады)

АНФИСА ИВАНОВНА. Кеш қалыппыз. Бізден бұрын құртыпты.

ГҮЛНАПЫС. Көшіріп алса, өз сазайы... құртып жіберді, деп сенбей тұр ғой. Шақырыңдар Маратты!

ЭЙКЕН. Іздемеген жеріміз жоқ. Таба алмадық, мама...

ГҮЛНАПЫС. Жер жұтса да табыңдар... (Доскен, Назыкен, Әйкен кетеді. Жасы егде тартқан Шапық Шынболатов келе жатады. Ол коридордағы гардеробке киімдерін шешеді де, үйге кіреді).

ШАПЫҚ. (Ызғарын сыртына тегіп) Мараттың үйде екенін білмедің бе? Машинаны неге жібердің?

ГҮЛНАПЫС. Аяқ астынан қудалай қалатынын қайдан білейін.

ШАПЫҚ. Сен байғұстың үйді әлеміштегеннен басқа білетінің бар ма?

ГҮЛНАПЫС. (Беттетпей) Әлеміштесем, зейнетім. Әкесі болып мектептің есігін аштың ба?

ШАПЫҚ. Бұра басуға уақытым болмаса, қай жерде жүріп ашамын.

ГҮЛНАПЫС. Мұрнынан шаншылған жалғыз сендей-ақ...

ШАПЫҚ. Әркімнің де қызметі мендей... Бағусыз, қағусыздан қайсысының баласы бұзық атанды... Қайсының анасы баласын бетімен жіберді.

АНФИСА ИВАНОВНА. Әркімнің де қызметі сіздей... Бір мезгіл оқуына зер салуыңызға болатын еді ғой, Шапық Шынболатович.

ШАПЫҚ. Зер салсақ, қорланатындай іске тап болмас едік. Зер салмағанның сазайы да...

ГҮЛНАПЫС. Мені қуырғанша балаңның жазығы нендей, сұрамаймысын мұғалімнен...

ШАПЫҚ. Е, сорлы жауқай... не деп сұраймын... балаға жауап беретін екеуміз... Бірімізден біріміз сұрайықшы... неліктен баламызды жүгенсіз жібердік. Мектептен шығару дәрежесіне жеткенше сотқарлығына тыйым салмадық... Менің сылтауым жұмысбастылық болсын. Сені не қара басты... «өк» десең де, «шөк» десең де, осы үйдің билігі сенің қолыңда... сол билігің балаңа неге жүрмеді!...

ГҮЛНАПЫС. Монтансып ығына түскендей не күн туды. Маған кіжінгенше әкелік намысыңды қорғаймаймысын...

ШАПЫҚ. Есуассың, Гүлнапыс... Енді өршітпей есіңнің барында шығып тұрсаң деймін!

ГҮЛНАПЫС. Немене, мені өз үйімнен қуамысын?

ШАПЫҚ. Мұғаліммен оңаша сөзім бар.

ГҮЛНАПЫС. О, жер қорқақ... қалтыра да, дірілдей бер ендеше.

(көзінде жас, ашу қысып долырған Гүлнапыс қатардағы бөлмеге кетеді).

ШАПЫҚ. Әрбір ата мен ана баласы жақсы оқыса қуанады, жаман оқыса ренжиді. Мен...

АНФИСА ИВАНОВНА. Маратты жақсы оқыйды деп ойлайсыз ба?

ШАПЫҚ. Енді қалай?

АНФИСА ИВАНОВНА. Алтыншыдан жетіншіге айласын асырып көшкендігін білмейсіз бе?

ШАПЫҚ. Айласын асырып?

АНФИСА ИВАНОВНА. Қарамағыңыздағы сторожыңыздың баласы Мерхатты сатып алғанын сіз түгіл... біз де білмей қалдық...

ШАПЫҚ. Я, ондайды бетімен кеткен жүгенсіз бала ғана істейді...

АНФИСА ИВАНОВНА. Өзі сондай, тентек балаға мылтық та әпердіңіз...

ШАПЫҚ. Әперген айып менде... Не істепті, бүлдірген бе?

АНФИСА ИВАНОВНА. Бүлдіру аз. Кісі өлтіре жаздады...

ШАПЫҚ. Қайда жүріп, тезірек айтыңызшы, қайда жүріп!

АНФИСА ИВАНОВНА. Сіз әперген мылтықпен балаңыз қалалық театрдың шатырына қонақтаған көгершіндерді андыды. Театр алдындағы зәулім теректің басына шығып ап, атуға әзірленіп отырғанда театрдың ішкі баспалдағынан Дайырхан Қағысбаев деген драматург көтеріліп бара жатады. Қанатын сыртылдатып көгершіндер төмен қарай ұшады... Сол кезде балаңыз мылтықпен басып салады... Оқ көгершіндерге тимейді Театрдың төбесінен өтіп, драматургтің маңдайынан төрт-ақ елі жоғары қалпағының төбесіне тиеді...

ШАПЫҚ. Бұл — қашан болған оқыйға?

АНФИСА ИВАНОВНА. Күні кеше Шапық Шынболатович...

ШАПЫҚ. Сақтағанда оқ қалпағының төбесіне тиген. (қатар бөлмедегі Гүлнапысты шақырады) Гүлнапыс бері кел. Салғыласпай шыныңды айт. Менің бақытсыз басымды нендей пәлеге байладың?

ГҮЛНАПЫС. Не боп қапты?

ШАПЫҚ. (шатынап) Драматургті құрта жаздаған қылмысын менен неге жасырдың?..

ГҮЛНАПЫС. (жыламсырап) Білсем тілеусіз өтейін. Шапық-ау, мені неге қыйнайсың.

ШАПЫҚ. Қыйналумен құтылсақ, тәубе дерсін. Қайда сенің жетпегірің... (Доскен, Назыкен, Әйкен Маратты ертіп үйге кіреді. Ызалы Шапық баласына түйіліп шапалақпен жақтан тартып жібергенде Марат шешесінің тасасына тығылады. Шарылдап шешесі де ара түседі).

ГҮЛНАПЫС. Өзіңді бірдеме қаққан ба? Жалғызыңа қол жұмсауға дәтін қалай барады?

ШАПЫҚ. Бізді құртқан — жалғыздығы мен жарымдығы. Сұм болмасаң, әкеңнің ақ кірген самайын сыйлар едің...

АНФИСА ИВАНОВНА. Баланы ұрумен түзете алмайсыз...

ШАПЫҚ. Үйде түзетудің орайын таба алмасақ, мектеп түзетуден бас тартса, бұл жетпегірді қалай түзетеміз.

ЭЙКЕН. Барлығы да өзіңізден, папа!..

НАЗЫКЕН. (сыбырлап) Өзі күйініп тұрған папаңды күйіндірме.

ДОСКЕН. ЭЙКЕН дұрыс айтады...

ШАПЫҚ. (жалт бұрылып тіксіне қадалып) Мен өз кінәмді немен өтесем де өтермін. Қатарыңнан шашау шығып, қарамағыңдағы жас буынды баурай алмаған кінәңді сен немен өтейсін?

ДОСКЕН. Шашау біздің қатарымыздан шыққан екен... Су басынан бұзылады... Шапық аға... Мараттың сотқарлығын комсомол ұйымында қарар алдында біздің мектепкеде үңіліңіз. Баурап алмаған біздің айыбымыз ба, тәрбие алмаған ата-анасының айыбы ма... Сонда кінәласармыз, Шапық аға...

АНФИСА ИВАНОВНА. Келуіңізді сұраймын, Шапық Шынболатович.

ШЫМЫЛДЫҚ

(Жалғасы бар)



ТАРТУ

— Апа, мен де тыңға барам.
Болам онда тракторшы.
— Жассың әлі.
Тыңда, балам!
Өзіңе өзің қарап көрші.—
Десе де ол көнер емес,
Бала еді ол бір бетті.
Вожатыйы қандай кеңес,
Айтар екен?
Сонда кетті.
Ақыл айтса вожатыйы,
Пионерлер қостамай ма?
...Бір топ кітап
тартқан сыйы,
Кетті міне Қостанайға.

Нұрғожа ОРАЗОВ.

Алматы.

АЛҒАШҚЫ РУЛЬ

Велосипед ерікке,
Көнбей ауып, бұрылды.
Өршеленіп Берік те,
Ұстады мықтап рульдi.
— Құлайсын, қалқам, тоқта...
жәй...! —
Дейді абыржып әжесі,
— Жоқ! Берікжан, бас солай!
Тоқтағаны о несі!
Қорықпа, әжей, құламас,



Келешегін тос одан.
Чкалов та ең алғаш
Рульдi солай ұстаған.

Тұрап АЙДАРОВ.

МЕШКЕЙ ТЫШҚАН

Бір күні аш тышқан,
Кез болды астыққа,
Көз тұнып астықтан
Салынды мастыққа.
Дәм татпай қалсын ба,
Шыдамай ұмтылды.
Жап-жаңа қаптың да
Жіптері қырқылды.
«Бүгін бір олжаға
Баттым» — деп ойлады.
Қарыны тойса да,
Сұқ көзі тоймады.
Үрлеген местей боп,
Іш кетті тырсылдап.
Жүруге шама жоқ,
Қозғалса ыңқылдап.
Ойлап сұм құлқынды,
Бәлеге болды тап.
Бір мысық ұмтылды,
Тышқанды көріп қап.
— Бұлқынды — бүлінді
Қашуға күш қайда?!
Өлімге ұрынды...
Сұқ көзден не пайда?!

Бекболат ӘДЕТОВ.

Талғар.



**ТАЛАП БАТЫР БОЛУДЫ
ОЙЛАЙДЫ**

«Әр істе ерлік көрсетсем,
«Батыр жан» деп мақталып,
Жүрегінде достардың
Жүрер едім жатталып».
Осы оймен ол ерлікті
Өлшеп, пішіп, шақтады.
Батырлықтың бірақ та
Оңай жолын таппады.
Көп ойлап ол, көп оқып,
Батырлықты іздеді.
Сөйтіп оқу озаты
Болғанын да сезбеді.
«Талап — оқу озаты»
Деп мектепте мақтады,—
Кір келтірмей бұл атқа
Талап та оны сақтады.

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ.



КЕҢ ТОҒАЙДА

Жазғы колхоз даласы.
Мінекей, жасыл кең тоғай...
Тал, шіліктер арасы
Ұйысқан шалғын көгорай,
Саясы салқын құба-тал
Отырмыз біздер дем алып...
Келіп едік ұландар
Саяқаттан оралып.
Үстінде міне жас бұтақ
Жайғасып бұлбұл жырлап тұр.
Сазды үнін жасыл жапырақ
Қалғандай елти тыңдап бір...
Сан түрлі гүлдер ісіне
Жаныңның мейірі қанады...
Әне! Бұта ішіне
Сұр көжек зытып барады...
— Әнекей, кетті!..
— Ұста! — деп
Оғанда мез боп қаламыз...
Бұлбұлдың үнін еліктеп
Шырқап та әнге саламыз.
Сықалып гүлмен болды бұ...
Коллекция сумкасы
Белгімен жаңа толды бір —
Вожатыйдың картасы...
Кеш бата тағы түзеп сап
Үйге бетті бұрдық біз.
Көңілді неткен саяқат!
Алуан сырды білдік біз...

Зейнола ШҮҚІРОВ.

Арал қаласы.

БҰЗАУҚАНЫМ

Қара ала бұзауқанымды
Ноқтасынан жетелеп.
Көгалға келе жатыр ем,
Жолсыз жермен төтелеп.
Кенеттен тасқа сүрініп,
Тұра алмай қалды бұзауым.
Қыйнады — түсті қыйынға,
Орнынан оны қозғауым.
«Ауырып қалған жоқ па?» деп
Сыйпай бердім басын мен.
Отырдым күтіп қасында
Дегендей біраз алсын дем.
Қарады маған бұзауым,
Момақан, мұңсыз пішінде:
Рахмет айтқан тәрізді
Фермаға қамқор ісіме.

Я. ЖҮНІСБАЕВ.

Жазушы — миллионер

Максим Дмитриевич Зверев — жас оқушыларымызға жете таныс жазушының бірі. «Аңның ізі, жымымен», «Көгершіннің сүті», «Орман костері», «Көгілдір үңгір» сияқты кітаптар жазған, аң мен құстың өмірін, өрісін, сырын, шебер суреттейтін жазушы. Оның жоғарыда аталған шығармалары сан рет басылып шықты. Олар жүз мыңдаған жас оқушылардың сүйіп оқыр досына айналды, олардың ой өрісін шалқытып, ізшілдікке, аңшылдыққа, сергектікке баулыды, өмірді, өлкені тануға көмектесті.

Максим Дмитриевич Қазақстанмен қоныстас, өмірі шаруашылығы қат-қабат араласып жататын Сибирь өлкесінің Барнауыл қаласында туды. Ол 1923 жылы Томск қаласында мемлекеттік университеттің биология факультетін бітірді. Оның алғашқы әңгімелері де сол 1922-23 жылдарда жарық көре бастайды.

Алғашқы жазған «Қасқыр аулау» деген әңгімесінен бастап, Зверев күні бүгінге дейін аң, құс өмірін, жаратылыс көркін натуралистікпен жазып келді. Өйткені оның өзі жаратылыс маманы, оны жақсы біледі. Мұнымен бірге ол зоопарктерде, заповедниктерде аң мен құстың өмірін үнемі ғылыми зерттеп отырады. Сондықтан да ол, өзі жазатын тақырыбын жете біледі.

Зверев жалаң аң мен құстың өмірін ғана емес, сол аңдарды бағушы, ұстаушы — адамдар, мергендер, ізшілер жайын да әңгімелейді. Жазушы ғылым адамдары жайынан көп жаңалық айтады, жас натуралистер еңбегін зерттеп, оларға көп кеңес береді, тәжірибе жұмыстарын дұрыс жүргізуді үйретеді.

Жазушының бір өзгешелігі — табиғат құбылыстарын, жыл мерзімінің өзгешеліктерін жақсы біле отырып, оларды балаларға ұғымды етіп жайлап айтып береді. Әсіресе, Алтай, Алатау, Сибирь, Жетісу өлкелерінің өзгешеліктерін, олардың өсімдіктерін, бұл өлкелерді мекендейтін аң-құстар тіршілігін жан-жақты білетін жазушы ол жайларды оқушысының көкейіне қондыра суреттейді.

Зверевтың 1928 жылы Ленинград қаласында «Ақмарал» атты әңгімелер жыйнағы басылып шықты. Жазушыны совет оқушыларына шу деп танытқан осы кітабы болды. Зверев ол кезде Сибирь өлкесінде қызмет істейтін. Бірақ, ол «Ақмарал» әңгімесін Алтайдағы қазақ мергенінің уақығасынан алып жазды. Сонан бастап оның әңгімелерінің көпшілігін-

де, уақығаның болған жері, — Қазақстан, Сибирь өлкелері, жайы суреттеледі. Сол жердің адамдарының өздеріне тән іс әрекеті айқын көрсетіледі. Сол себептен Максим Дмитриевич Қазақстанның төл жазушыларының бірі, оның ішінде жас буынға қызықты кітап беру жолында игі еңбек сіңірген жазушы боп саналады.

Жазушының үлкенді-кішілі 42 кітабы. 1.200.000 дана болып баспадан шықты. Оны миллионер жазушы деп атайтын себебіміз осы. Оның «Ақмарал», «Орман костері», «Көгілдір үңгір хикаясы», «Көгершіннің сүті», «Азаматтың бүркіті» сияқты кітаптары — сан миллиондаған жас буынның қызығып оқыған кітаптары. Москвада, Ленинградта, Омбыда, Иркутскіде, Новосибирьде, Алматыда оның кітаптары әлденеше рет қайталап басылды.

Зверевтың «Азаматтың бүркіті» атты сценариясы алдымыздағы жылда киноға түсірілуге белгіленіп отыр. Ол аң мен құс жайынан әңгіме ғана жазып қоймай, жас оқушыларына ғылыми хабарлар да беріп отырады. Оның жүзден астам ғылыми мақалалары газет, журналдарда жарияланған.

1952 жылы жазушының «Орман костерінде» деген жыйнағы республикалық бәйге алды. Жазушының бұл кітабы қазақ тіліне аударылып жеке кітап болып шығады. Оның жеке әңгімелері республика газет, журналдарында көптен бері басылып келеді.

Жазушы өзінің жас оқушыларына арнап әлі де көп кітаптар жазбақ. Ол қазір «Отанымыздың аң мен құстары арасында» деген жыйнағын Москва баспасына тапсырды, тағы бірнеше кітаптары Қазақстан баспаларында әзірленіп жатыр. Зверевтың әңгімелері украин, қырғыз тілдерінде басылып шықты. Ұзақ жылдар жас буынға еңбек етіп әлденеше ондаған қызықты кітаптар жазған жазушының тақырыбы бір беткей — аң мен құс. Ол табиғатты әңгімелеуден әрі қарай онша аса алмай келеді. Өзі көріп келе жатқан еліміздегі жаңалықтар табиғатты өзгерту, техника күштері оны жасаушы совет адамдары жайында Дмитрий Максимович өте аз жазады. Әңгімелерінде адам өмірі, адам бейнесі өте аз көрсетіледі. Қандай әңгімені бастаса да ол өзінің мамандығына бейімдеп, жалаң натуралистікке қарай тарта береді. Максим Дмитриевичтың алдағы уақытта биология ғылымының жаңалығы жайында кітаптар жазуы өте пайдалы болар еді. Жас оқушылардың оны сүйіп оқыйтыны сөзсіз.

С. БЕГАЛИН.



М. Зверев.



ҚЫТАЙДАН ХАТ

Өздерінің қытайлық жас достарынан келген әр хатты отряд пионерлері бірігіп оқып шығып, ортақ қуанады. Бүгінгі хаттың сыртында «Лючжоу қаласы» деген жазу тұрды.

— Кәне, Лючжоу қаласы қай жерде екен, картадан қарайық,— деді балалардың бірі.

— Дұрыс айтады,— деп қостады екіншісі.

Балалар хатты оқып шығысымен Қытайдың оңтүстігіндегі Гуанси провинциясындағы Лючжоу қаласы туралы ұзақ әңгімеледі. Бұлар өз оқығандарын еске түсірумен бірге, бірінің сөзін бірі толықтыра отырып көп жаңалықтарды да білді.

Гуанси провинциясында қытайлықтармен бірге таи, мяо, яо, мон секілді тағы басқа да ұлттар тұрады екен. Мұнда қазір ұлттар арасындағы достық бекем, күн санап нығая түсуде. Барлық ұлттардың ізгі мақсаты біреу — ол халықтық республиканы көркейтп, өркендету.

— Білесіндер ме, балалар,— деді қағлез қыз жүзі нұрлана түсіп. — Мынау Сицзян өзенін қараңдаршы. Осының ең ірі саласының бірі Люцзян ғой. Солай емес пе?

Лючжоуды басып өтетін Лунцзян өзені осыған құяды екен.

— Ал, сен қалай дейсің. Мұнда қандай ағаштар өседі?

Бұған әлгі қыз мүдіріп қалды. — Кәдімгі ағаштар,— деді ол баяу ғана.

— Жо, олай емес. Лючжоу маңында субтропикалық ағаштар өседі. Біз білетін біраз өсімдіктер де осында. Тәтті картоп, қант қамысы деп тақылдайсың. Ал, оның көп өсетін жерін білмейсің.

— Ал, білгіш болсаң, онан басқа не өседі? — деп шап ете түсті қыз.

— Білмейді дейсің бе? Кунжут, темекі, жер жаңғағы, чай, күріш, мақта...— деп тізе жөнелді сөзге таласып тұрған бала.

Балалар тағы да бір жайды білді. Осы провинцияның оңтүстігіндегі өсімдіктер тропикалық екен. Зәулім фикус ағаштары, сұлу пальмалар, қоңыр, қызыл ағаштар, камфорлы лаврлар тек жер көркі емес, сонымен бірге халық игілігіне де пайдаланылуда.

— Біз, зоопарктың шарбағынан сығалап көретін аю, маймыл, тапир сыяқты аңдар Гуанси провинциясының ормандарында жиі кездеседі,— деп түйді сөзін домалақ сары бала.

— Охо, бұл арада қыс болмасқа керек!

Бұл сұрақ балаларды ойландырып қалды. Кейбірі оқулыққа жармасып еді, қағлез қыз жақсы білетін болып шықты. Көзі ойнақшып, күле тұрып айтты сөзін.

— Естерінде ме алғашқы хат. Пәлі, неткен ұмытшақсыңдар,— деп білетінін аңғарта, ескерте айтты.— Бұл араның климаты муссонды. Жазы ыстық, әрі ылғалды болса, қысы құрғақ бір қалыпты. Ойлама, онда кейде суық та болып тұрады. Бұл жердің таулары биік емес, көбіне қыратты болып келеді.

Балалар хаттағы: «Біз бақыттымыз, себебі жаңа Қытайда өмір сүреміз, оқыймыз, еңбек етеміз»,— деген сөзді шаттық сезіммен тағы да қайталап оқыды.

Сәулетті ұлы елдің, бақытты ұландарының хаты достықтың берік, айнымас белгісі еді.

— Қытай балалары біздің досымыз,— деп мақтана айтады Көкшетау облысындағы Тактаброд селосының пионерлері.

Олардың достығы күн санап нығая түсуде. Олардың мақсаты да ортақ халық ұлы болу. «Пионер әрқашанда ешнәрседен қорықпайды, алға батыл басады. Біз әрқашанда алда боламыз»,— деп жазады қытайлық жас достар.

«Бір-бірімізбен мыңдаған километр қашықтықта тұрсақ та, біздің жүрегіміз бірге. Біздің берік достығымыз мәңгілік!»— дейді қытай пионері Се Дао-тун.

Я, ұлы достық мәңгілік, мызғымас!

Ю. П. ПЛАШЕВСКИЙ.

Көкшетау облысы.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы.

Техникалық редактор: И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 19/VI 1954 г. УГ08635. Бум. 84×108¹/₁₆ — 0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 20 000. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 830.


755384

Дешаны

УАҚЫТ-ЫҒАДА



ШАХМАТ



Мына ойында үш жүрістен кейін мат қойылуы керек.

Е. БРАУН.

РЕБУС




Мына ребусты шешкенде астық шаруашылығы жөнінде қазақ мақалы шығады.

Жіберген. Ә. АСАРОВ, Ақтөбе облысы.

БҮЛ ҚАНДАЙ НАҚЫЛ СӨЗ



КРОССВОРД



ТІГІНЕН ОҚЫҒАНДА:

1. Чехословакияның атакты жазушысы. 3. Спорт сыйлығының түрі. 4. Қытайдағы тау. 6. Ойпат. 5. Ұлт. 10. Совет академигі. 11. Совет композиторы. 12. Кіттің бір түрі. 16. Теңіздегі ең ірі жануар. 17. Жәндік. 18. Мемлекет астанасы. 19. Жыл мезгілі. 23. ССРО-дағы ұлт. 24. Дәнді дақыл. 23. Бірінші рет радионы ойлап табушы. 29. Балалар жазушысы. 32. Балықтың түрі.

КӨЛДЕНЕҒІНЕН ОҚЫҒАНДА:

2. Геометриялық дене. 5. Орыс халқының атакты шебері. 8. Физикалық заң. 9. Кавказдағы көл. 13. Ұлт. 14. Түс. 15. Қыйыр шығыстағы көл. 20. Тригонометриялық бұрыш өлшемі—Синус. 21. Европадағы капиталистік мемлекет. 22. Уақыт өлшеуіші. 25. Кавказдағы өзен. 26. Планета. 27. Әлжаппар Әбішевтің «Достық пен махаббат» пьесасындағы кейіпкер. 30. Орыстың атакты суретшісі. 31. Алдыңғы аяғы қыйсық түйе. 33. Тұңғыш авиация шаңғысының конструкциясын жасаушы орыс инженері. 34. Қатты зат. Құрастырған.

С. Шыңғалиев,

Еңбекші қазақ ауданы.

Мына шахмат тақтасындағы аттың жүрісімен әр әріпті басып өткенде, оқу туралы бір нақыл сөз шығады. Ол қандай сөз?

Жіберген Ш. АХТАНОВ,

Батыс Қазақстан облысы.

БАҒАСЫ 1 СӨМ.

